



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ



JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№14

(846)

16 сәуір

2021 жыл

ҚЫЛМЫС

ЖҰМЫРҒА ЖҰҚ БОЛМАҒАН 500 ЖЫЛҚЫ



Аманат деген жақсы сөз бар. «Аманатқа қиянат жоқ» дейміз. Әдетте ауылдағы ағайын малын туысына немесе бақташыға қосқанда: «Ал енді мына мал саған аманат» деп жатады. Аманат арқалаған адамның оған қиянат жасауға қақысы жоқ. Тосын апаттан жазым болмаса, яғни жылан шағып, суға түсіп, жардан құлап кетпесе болды. Қалғанының бәріне малшы жауапты. Жоғалса, қасқырға жем қылса, қараусыз қалдырса, орнына мал береді, не құнын төлейді. Бұл бұрыннан келе жатқан қағида.

Қазіргі бақташылар аманатты біле ме? Әй, қайдам... Қарағанды облысында 500 бас жылқыдан тігерге тұяқ қалдырмаған екі бақташы ұсталыпты. Олар сол өңірдегі елдің бағуға аманаттап берген жылқыларын жымқырып, орнына басқа біреудің малын ұстап беріп отырған. Біреу той жасайды, біреу соғым сояды, біреу малын сатады дегендей.

(Жалғасы 3-бетте)

ҚЫЛБҰРАУ

ДАЛА ҚАСКӨЙЛЕРІ ТҮЙЫЛМАЙ ТҰР

Орал-Атырау тас жолында 3 тонна балық тиеген браконьер ұсталды. 46 жастағы азаматтың көлігін тінткен кезде бекіре табылыпты. Күдікті заңсыз ауланған балықты он шақты қапшыққа бөліп салған. Оның 2,5 тоннасы ұсақ балық, 50 келісі – бекіре екен. Бірақ әлгі азамат ешқандай рұқсат қағазын көрсете алмаған. Енді балықшы 450 мың теңге айыппұл төлейді немесе 40 тәулікке дейін қамалуы мүмкін.

Батыс Қазақстан облыстық полиция департаменті басқармасының табиғат қорғау инспекторының айтуынша, күн жылынып, мұз ерігелі заңсыз балық аулайтындар көбейген.



«Барымта» балыққа ғана тиіп отырған жоқ. Бөкейорда ауданының үш тұрғыны 800 тал киіз мүйізін көлікке тиіп алған жерінен құрықталды. Экологтардың есептеуінше, олар 2 млрд теңгеден астам шығын келтірген. Күдіктілер: «Біз киіктерді атпадық, тек өліп жатқандарының мүйізін кесіп алдық», — деп ақталыпты. Бұл кәсіппен былтыр күзден бері айналысатын көрінеді. Бірақ олардың уәжіне тәртіп сақшылары илана қойған жоқ. Қазір сотқа дейінгі тергеу жүріп, мүйізді сатып алушы дәкейлер де іздестіріліп жатыр.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

ҚАЗАҚ КӘСІПКЕРІ

Ел экономикасына серпін беретін саланың бірі – туризм. Туризммен табыс тауып-ақ еңсесін тіктеп, етегін жиып отырған елдер көп. Жеріміздің асты да, үсті де өн байлыққа кенен біздің елде туризм саласы төрт аяғын тең баспай тұр. Мемлекет тарапынан бөлінетін қаржы да мол, қабылданатын бағдарламалар да ерен. Осындай серпін берумен көрікті аймақ, көркем мекеніміз туристерді тартатын орталыққа айналуы тиіс. Былтыр «Көлсай көлдері» ұлттық мемлекеттік табиғи паркінің дамыту тұжырымдамасы қоғамдық тыңдауға ұсынылды. Табиғаттың тамаша тартуы, Тянь-Шаньның шыңары саналатын тау басындағы тұма көл арқылы экотуризмді дамыту жайы талқыланды. Заманауи үлгідегі визит орталықтар, глэмпинг, кемпинг салынып, туристік маршруттарды жандандыру жайы сөз болды. Тұжырымдаманың басты мұраты – құрылыс жүргіземін деп эко жүйені бұзуға жол бермеу. Ішкі туризмді дамытуға өзіндік үлесін қосып, кәсіпкерлік өрісінің бір тарауын осымен тұтастырып жүрген елжанды азамат Сырымбек Тауұлымен әңгімеміз де осы сала төңірегінде өрбіді.

Сырымбек ТАУҰЛЫ, YOKONAMA брендінің Қазақстандағы ресми дистрибьюторы, кәсіпкер:

ТУРИЗМ – ТАБЫСТЫҢ ТҰМА БҰЛАҒЫ



Jas qazaq: Көрікті Көлсайдың бөктеріне зәулім қонақүй салу идеясы қайдан туы? Бұл ішкі туризмді дамытуға үлес қосудың қамы ма, әлде түгін тартсаң, майы шығатын шұрайлы жазираның кереметін көруге асық туристерге сапалы сервис ұсынып, осы салада да кәсібіңізді дөңгелету ме?

Сырымбек Тауұлы: Кез келген кәсіптің болсын, істің болсын, төгілген тердің өтеуі тұрады. Әрине, «Көлсай көлдері» ұлттық табиғи паркінің аумағында, Жаратқанның біздің елге тарту еткен әсем табиғатының аясында қонақүй салу идеясы ертеден ой түкпірінде жатқан.

Өмірде қатты құрметтеп қалірлейтін бір ағамыз Көлсай көлінің маңына кешен салуды жоспарлап, шаруаны қолға алған екен. Кейін белгілі бір себептермен жұмыс тоқтап, маған ұсыныс айтты. Шаруаны шатқаяқтатпай ары қарай жандандыруды аманаттап тапсырды. Барып көрдік. Расында да, әлемде теңдессіз саналатын көрікті мекенге көркем қонақүй салып та, туристерді көптеп тартуға болатынын түйсіндік.

(Жалғасы 4-бетте)

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ

ТЕГІН КЕЛГЕН СЫЙ

Биылғы жылдың наурыз айынан бастап Алматыда электросамокатты жалға беру іске қосылды. Бірақ кейбір тұрғындар оны тегін дүние деп санаса керек. Көшедегі 100 көліктің 20-сы ұрланып, тұрғындардың үйінен табылған. Ұрлаған азаматтың бірі самокатты қызына сыйға бермекші болғанын айтыпты. Бірақ жалға беретін компания өкілдері самокатты бөлшектеп тастаса да, іздеп табу қиын емес екенін айтады.



БИРЖАМЕТР



МУНАЙ (brent)
66,37



DOLLAR
432



EURO
514



РУБЛЬ
5,6



ӨЗЕКТІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласы – бүгінгі күннің өзекті тақырыбы. Қазақтың осы күнге жетуі, әр салада жетістікке қол жеткізуіміздің бәрі – тәуелсіздіктің арқасы. Ал Тәуелсіздікке бірлігіміз тірек болып отыр. Бірлік – біздің қасиетті тұғырымыз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында: «Бізді қай заманда да қиындықтардан аман алып келе жатқан

осы аталы сөзіне ерекше мән беріп, тәуелсіздіктің бірінші күнінен бастап бірлікті басты орынға қойды. Бірлік ұғымы қазақтың бойында ежелден бар қасиет. Ата-бабаларымыз сіңіріп кеткен асыл қасиет. Сол ұлттық қазынамызды дәстүрімізге, мінезімізге, ділімізге сіңіріп, бүгінгі күнге жеткізіп отырмыз.

Елімізде ұлтаралық татулыққа айрықша мән беріледі. Осы татулықтың нәтижесінде Қазақстан әлемде тату-тәтті өмір сүретін халқы бар, сыйлы, біртұтас ел болып қалыптасты. Бауырына түрлі ұлт өкілдерін басын қосып, барлық жағдайды жасап отыр. Сол себепті әрбір Қазақстан

барлық салада қолдануымыз керек, сол кезде ғана ол қанат қағады, орнын тауып, тұғырына қонады» деп айтып айтып келеміз.

Президент Қ.Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында «Еліміздің басты нышандарының бірі – мемлекеттік тіл. Қазақстанның мемлекеттік тілі қазақ тілі екені Ата заңымызда 90-жылдардағы күрделі кезеңнің өзінде нақты жазылған. Біз тәуелсіздік дәуірінде ана тілімізді дамыту үшін барлық жағдайды жасадық. Осы аралықта қазақ тілінде білім беретін мектептер мен оқу орындарының, балабақшалардың саны еселеп көбейді»

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ӘРБІР АЗАМАТҚА КЕРЕК!



басты күдірет – ел бірлігі. Ынтымағы жарасқан жұрттың қашанда ұпайы түгел. Түрлі жағдайларға байланысты қазақ жеріне әр кезеңде түрлі ұлт өкілдері көптеп қоныстанды. Қазақ халқы ешкімді жат көрмей, бауырына басты. Бүгінде олардың туған жері де, Отаны да – Қазақстан. Біз көп этностық сипатымызды артықшылығымызға айналдыра алғанымыз анық. Ешкімді ұлтына қарап, бөліп-жарған жоқпыз. Бәрінің өсіп-өнуіне толық жағдай жасадық, бірдей мүмкіндік бердік. Біздің ұлтаралық келісім саясатымыз әлемді мойындатты», – деді. Бұл мақалада айтылған ойдың қай-қайсысы да өзекті.

Төле би бабамыз «Бірігу ата-баба өсиеті, ылдырау заман қасіреті» деп айтып кеткен. Ата-баба сөзіне үнемі мән беріп отыруымыз керек. «Бірлік болмай, тірлік болмайды». Елбасымыз да қазақтың

азаматы, осы елде туып-өскен барлық ұлт өкілдері қазақ дегенде ішкен асымызды жерге қоя білуіміз керек.

Президентіміз өз мақаласында мемлекеттік тіл туралы да айтады. Қазақстан үшін қазақ тілінің алар орны, атқарар рөлі ерекше. Қазақты қазақ еткен оның тілі. Қазақтың өң-түсі қытайға да, көріске де, моңғолға да ұқсайды. Бірақ қазақты қазақ еткен – оның тілі. Кезінде Ахмет Байтұрсынұлы: «Бай тіл де, байтақ жер де қазақтікі» деген. Радлов «Француз тілінің орыс тіліне қандай әсері болса, қазақ тілінің түркі тіліне сондай әсері бар» деген.

Тіл – халықтың жаны, рухының үні. Тілі жоғалса, бүтін бір ұлт жоғалады. Тас мұқалып құм болады, темір тозады, адам өмірден озады. Әдебиетті, мәдениетті, тарихты да жеткізетін көмейдегі сөз бен, таңдайдағы тіл. Менің өмір бойы «Тілді

деп атап өтті. Сондай-ақ «Бүгінде мемлекеттік тілді білетін қазақтың да, өзге этнос өкілдерінің де үлесі едәуір артты. Қазақ тілін, шын мәнінде, бүкіл халқымызды біріктіруші факторға айналдырудың барлық құқықтық тәсілдері және кепілдіктері қалыптасты. Мәселе – ниетте. Ниеттің дұрыс болуы қазақ тілін менгергісі келетін адамдарға да, осы мақсатқа жетуге жағдай жасайтын Үкіметке де байланысты», – деді. Бұдан артық қандай сөз керек? Қазақ тілі, шын мәнінде Қазақстан халқын біріктіруші тіл болуы керек!

Ана тіліміз бізге ұлтымызды, әдет-ғұрпымызды, тарихымызды сақтау үшін керек. Қазақстанда қаншама ұлт өкілі бар, бәрінің өз тілі бар. Бірақ мемлекет тілі – жалғыз. Ол – қазақ тілі. Тіл үшін күрес – ол мәңгілік күрес. Ол үшін Алаш алыптары да күрескен. Сәкен Сейфуллин «Тіл ауыздың ішінде, оны шығару керек» деп айтқан. Сол үшін мемлекеттік тілді қоғамның барлық саласында қолдануды талап ету қажет!

*«Өлді бәрі,
Өлмеген көмейдегі сөзбенен,
таңдайдағы тіл ғана.
«Ана» деген сөзге тілі келмеген,
Ана болып жарытпайды қыз бала.
Сүйем деген сөзге тілі келмеген,
Сүйіктің болып жарытпайды ұл бала».*
Бұл – өмір ақиқаты. Қазақ тілінің ақиқаты.

Әрбір Қазақстан азаматының ең басты міндеті – тілді дамыту, мемлекеттік тілде сөйлеу және оны доріктеу. Елімізде қазақ тілінің қажеттілігін арттырып, сұранысқа енгізуіміз қажет. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Мемлекеттік тілді ұлтаралық тіл ретінде қолдану керек» дегенді айтты. Қасиетті қазақ тілін қадірлеп, оның гүлденіп-көркеюіне бәріміз атсалудысымыз керек. Мемлекеттік тіл – мемлекет үшін ғана емес, әрбір Қазақстан азаматы үшін керек! Осы елде туып-өсіп, дәмін татып, өмір сүріп жатқан барлық отандастарымыз үшін мемлекеттік тілді білу міндетті. Мемлекеттік тілді білуді міндеттейтін уақыт жетті. Қазақ тілінің аясын кеңітуді қоянбұлтатқа салуды қою керек!

Асылы ОСМАНОВА,
*Қазақстан Халқы
ассамблеясының мүшесі*

Әлеумет.т⁰

«БЕНЗИН БЕЗГЕГІ»

Мұнайдың үстінде отырған елде жанармай құю бекеттері жабылып жатыр. Себеп: бензин тапшы.

Сәуірдің алғашқы күндеріне дейін ең өтімді АИ-92 маркалы бензин бағасы 150-156 тенге аралығында сатылып келген еді. Баға бірден шарықтағаны сонша, солтүстік өңірлерде 20 тенгеге дейін өскен.

Парламент Мәжілісінің мінберінде осы мәселені депутат Альберт Рау да көтерді. Бұған дейін де баға сан мәрте өсті. Жауапты мекеме басшылары бағаның өсуін импортқа тәуелділік және мұнай өңдеу зауыттарына жөндеу жұмыстары жүргізілгендігімен байланыстырған. Бұл жолғы қымбаттаудың да себебі Атырау мұнай өңдеу зауытындағы авариялық жағдаймен сабақтастып жатыр екен.

Энергетика министрлігінің айтқан уәжінен ұққанымыз, бағаны бақылау министрлік түгілі мемлекеттің күзіретінде емес екен. «Мұнайдан алынатын өнімнің құнын реттеуге мемлекет араласа алмайды. Бағаны нарықтың өзі реттейді. Бензинді 2015 жылдан, ал дизель отынын 2016 жылдан бастап мемлекет бақыламайды» деген энергетика вице-министрі Әсет Мағауов мұнай өнімдерін арзандату мемлекетке тиімсіз тәсіл екенін де баса айтты. Оның айтуынша, мұнай бағасы арзан болса, көршілес елдер өз мүддесіне пайдаланып кетеді-мыс. «Көленкелі экономика» көлемі артып, мұнай өнімдерін түрлі жолдармен тасымалдау пайда болады. Мұның ақыры еліміздің мұнай өңдеу саласын шығынға ұшыратады екен. Міне, осындай маңызды себеппен бензин бағасын нарықтың өзі реттегені дұрыс болса керек.

Көктемгі егіс науқаны қызатын шақта жанар-жағармайдың бағасын көтеру біздің елде «жоспарлы шаруаға» айналғалы қашан. Шаруаның бел шешіп кірісетін науқаны кезінде шарықтаған баға күзгі жиын-терім тұсында да аспандайды.

Солтүстік Қазақстан облысында АИ-92 маркалы бензин бағасы 179 тенгеге жетті бүгінде. Батыс Қазақстан облысындағы кейбір жанармай құю бекеттері есігіне құлып салды. Ал бензин сатушы бекет иелері «әр адамға 5 литрден артық сатылмайды» деп шектеу қойған. Облыс орталығы Оралдан шаңғайдағы ауылдарда бензиннің бағасы 200 теңгеден сатылып жатыр екен. Шағын жанармай құю стансалары жабылғандықтан, іргелі бекеттерде ұзын-сонар кезек. «Атырау мұнай өңдеу зауыты» жұмысын уақытша тоқтатып, батыс аймақтарға жанармай «Шымкент мұнай өңдеу» зауытынан жеткізілуде. Демек тасымал құны артып, ол да бағаға әсер еткен.

Мұнай бағасы әлемдік нарықта қымбаттаса, бензин бағасы да көтеріледі. Бірақ мұнай арзандаса, біздегі жанармай бекеттеріндегі баға еш мызғымайды.

«Үйдегі бағаны базардағы нарық бұзады» дегендей, бензин бағасының көтерілгені азық-түлік саласына да әсер етеді. Алматыдағы орталық көтерме базардың сатушылары да бензин бағасының құбылуына наразы. «Халыққа обал, мәселен, бүгін құнбағыс майы бірден он теңгеге қымбаттады. Ресей мен Қытайдан жеткізілетін тауарлар да қымбаттап жатыр. Себебін ешкім түсіндірмейді. Азын-аулақ зейнетақысы мен жалақысынан жырымдап баға сауда жасауға келген алушыларды айсың. Тауардың бағасына үстеме тағы қосылды деп оларға айту бізге де оңай емес», – дейді сатушылар.

Мұнай өнімдерінің бағасын арзандату «қара алтынның» үстінде отырған елге тиімсіз, ал қара халық үшін қымбатшылық тиімді ме сонда?

Қуаныш РАХМЕТ



Сөз-Жебе

Альберт РАУ,
Мәжіліс депутаты:



«Энергетика министрлігі жанар-жағармай бағасына жауапты емес екенін мәлімдеді. Министрлік таратқан хабарламада: «Бүгінгі күні ішкі нарықта мұнай өнімдерінің бағасы ұсыныс пен сұранысқа сай белгіленеді. Тұтынушы үшін ақырғы баға мұнай өнімінің көтерме бағасы, жанармай құю бекетіне дейінгі тасымал шығыны, мұнай базасында сақталуы, бөлшек саудадағы сатушы шығыны, сондай-ақ акциз бен салықтар әсер етеді» делінген. Салалық мекеменің мұндай солқыдақ ұстанымы бензин бағасының қымбаттауына қатысты нақты стратегиясы жоқ екенін және оның шарасыздығын көрсетсе керек»

Аптаның айтары



**«АУЫЛ
ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ
МАЛ БАСЫ ҮШІН
ЖАЙЫЛЫМ
МӘСЕЛЕСІ
БАР. ЕЛДІ
МЕКЕНДЕРДІҢ
ЖАЙЫЛЫМ
АЛҚАПТАРЫ БАР
БОЛҒАНЫ 21
МАН ГЕКТАРДЫ
ҚҰРАЙДЫ. ХАЛЫҚТЫҢ ҚОЛЫНДАҒЫ
МАЛҒА
50 МАН ГЕКТАРДАН АСТАМ ЖАЙЫЛЫМ
ҚАЖЕТ, ЯҢИ ТАПШЫЛЫҚ 30 МАН
ГЕКТАРДАЙ. ОБЛЫСТЫҚ, ҚАЛАЛЫҚ,
АУДАНЫҚ, АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР,
КЕНТТЕР, АУЫЛДЫҚ ӘКІМДІКТЕРІНЕ
АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛДЫҢ АЯҒЫНА ДЕЙІН
ҰЙЫМДАСҚАН ШАРУАШЫЛЫҚТАРДА
ЖҮКТЕЛМЕГЕН ЖАЙЫЛЫМАРДЫ ҚАЙТА
БӨЛУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН».**

Роман СКЛЯР,
Премьер-Министрдің орынбасары



Қайырбек ӨСКЕНБАЕВ, индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі:

«Қазақстандықтарға зейнетақы қорындағы жинағына үй алу мүмкіндігі берілгені нарықта тұрғын үйдің бағасы күрт шарықтап кетті. Біз әр қаланы зерттеп, пәтердің әр шаршы метріне шекті баға қойдық. Мысалы, Шымкент қаласындағы пәтердің шаршы метріне 200 мың теңге белгіленді. Демек бізге қарап коммерциялық компаниялар да салып жатқан үйлерінің бағасын төмендетеді. Егер олар бағаны тым өсіріп жіберсе, халық мемлекет тарапынан салынып жатқан үйді аламыз деп күтеді. Әзімізде шығып жатқан өнімнің бағасы соншалықты қымбаттаған жоқ. Арматура ғана бірден 33 пайызға көтерілді. Қымбатшылық темірге байланысты болып отыр».

**ҚАЗАҚСТАНДА ЖАРТЫ
МИЛЛИОН АДАМ ПӘТЕР
КЕЗЕГІНДЕ ТҰР. БАСПАНА
БАҒАСЫ ҚАШАН
АРЗАНДАЙДЫ?**

**Ләззат ИБРАГИМОВА, «Отбасы банк»
АҚ басқарма төрайымы:**

«Тұрғын үй бағасының өсуі сыртқы факторлардың әсерімен жоғары деңгейде сақталуы мүмкін. Бағаның шарықтауына тек зейнетақы жинағына қатысты бағдарлама әсер еткен жоқ. Мұндай құбылыс әлемнің басқа да елдерінің жылжымайтын мүлік нарығында байқалды. Мәселен, Түркияда жылжымайтын мүлік құны – 27 пайызға, Германияда – 12 пайызға, Ресейде – 10 пайызға, Канадада 7 пайызға артыпты. Бұған бірден-бір себеп, әлем бойынша құрылыс материалдарының қымбаттауы».

ҚАЗАҚСТАНДА 20 ЖЫЛДА БАСПАНА БАҒАСЫ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРДІ

	Жаңа пәтер (1 м ² үшін)	Ескі пәтер (1 м ² үшін)
2000 жыл	21 мың тг	8 мың тг
2004 жыл	70 мың тг	40 мың тг
2007 жыл	161 мың тг	136 мың тг
2015 жыл	258 мың тг	190 мың тг
2018 жыл	267 мың тг	186 мың тг
2019 жыл	294 мың тг	200 мың тг
2021 жыл	319 мың тг	245 мың тг

Өз ойым

Керекудегі қоғамдық тыңдауда халық қалаулылары саяси-идеологиялық мән-маңызы ескірген 30 көшенің атауын қарап, 23-інің атауын өзгерту жөнінде бірауыздан шешім қабылдаған еді. Бұл шараға Алматыда туған, Қазақстан десе қыңырайа қалатын Ресейдегі Владимир Жириновский наразылық танытып, «Павлодар орыс қаласы» деген парықсыз пайымын алға тартты.

Империяшыл саясаткердің айтқандары патша заманы мен кеңестік кезең мұраларын көздің қарашығындай сақтауды көксейтін жергілікті патшашыл-кеңесшіл топтың көңіліне майдай жаққаны күмәнсіз. Олар қарапайым тұрғындармен қатар, Ертістің Кереку өңірінің ауасын жұтып, суын ішіп

Атышулы жерлестеріміздің бірі — Александр Вервекін 2016 жылы География үйі (*ПавGeo*) қоғамдық ұйымының директоры әрі тележурналист ретінде XVIII ғасырда Ертіс бойын жаулаған патшалық Ресей империясы бекіністерінің орнын іздестіріп тауып, басқыншы жасақтардың «ерлігін» баяндайтын деректі фильм түсірді. Онымен тынбай, Ресейдің Омбы қаласынан «Бухголыц жолдарымен» атты экспедицияны Павлодарға шақырды. Бес желкенді кайықпен және бірнеше автокөлікпен келген омбылық 35 саяхатшының көздегені XVIII ғасырда подполковник И.Д.Бухголыц жасағы тұрғызған Ямышев бекінісінің орнына барып тәу ету және ескерткіш белгі орнату еді. Рас, ұлтшыл азаматтардың талап етуінің нәтижесінде шараны ұйымдастырушы А.Вервекіннің жоспары ішінара ғана жүзеге асты.

Ғайса пайғамбар дүниеге келмей тұрып, мындаған жыл бұрын біздің ата-бабамыздың Ертістің



КӨРШІНІҢ КӨКЕЙІНДЕГІ КӨЛЕҢКЕ

жүрссе де, Казакстан тарихына, өңірде жүргізіліп жатқан ономастикалық саясатқа әу бастан шекесінен қарайтын. Кезінде облыс партия комитетін екі рет басқарған белгілі партшенуенік Борис Васильевич Исаев (1932–2018 жж) патшазада Павел Романовтың құрметіне қойылған Павлодар атауын және коммунистік қоғамды дәріптейтін көше атауларын өзгертуге мүмкіндігінше қарсылық көрсетіп бакты. Тіпті 2005 жылы: Перелицовщики — манкуртцы, Вам, онамастики, кричу, Чтобы быть «Почетным керекуйцем» Я никогда не захочу!» — деген такпақ шығарып, қаланың «Городская неделя» газетіне жариялады. Әрине, «Почетный павлодарец» деген құрметті атактың болмайтыны сияқты «Почетный керекуйец» деген атактың да болуы мүмкін емес кой. Карт коммунист бұл жағын байыптай алмаған секілді...

Тағы бір жерлесіміз, кеңестік кезеңде «Очерки по истории комсомола Павлодарщины» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған тарихшы Мария Серафимовна Тереник патшалық Ресей империясының казак жеріне жасаған басқыншылық жорықтары мен отаршылдық саясаты жөнінде жақ ашпағаны мәлім. Сөйте тұра, «Ертістің Кереку өңірі казактардың тарихи мекені емес, бұрынғы орыс жері» деген ойын түспалдап та, ашық та білдірді. Оның осындай сипаттағы жазбаларын Славян мәдени орталығының төрайымы Татьяна Кузина ханым «Павлодарь — не Кереку» (!) деген атаумен жинақ кылып шығарды. Сондай-ақ Т.И.Кузина Павлодар қалалық мәслихатының хатшысы

Кереку өңірін мекендегенін оқып білуге әлгіндей жерлестерімізде ниет жоқ. Казак «сак», «ғұн», «түркі», «кимак», «қыпшақ» атанған тарихи кезеңдер мен одан бергі Алтын орда, Ақ орда, Казак хандықтары заманында ғұмыр кешкен бабаларымыздың қалалары мен мола орындары осы өңірде екенін байқаса да, мойындауға еңжар. Еесісіне, Ресей әскерлері зеңбіректермен қаруландырған қалмақтардың уақытша басып алған



казактың атақонысын жоңғардың жері деп жалған сөйлеуге шебер.

Енді Керекуде 23 көше атауын егемен елдің рухына сай келетін атаулармен ауыстырылуына қоғам белсенділері, журналистер, блогерлерден тұратын патшашыл-кеңесшіл топтың баспасөз арқылы байбалам салып қарсы шыққанына келейік. Бұл күтілген жайт еді. Бірақ осы топ В.Жириновскиймен астыртын байланыс орнатып, ақпараттық соғыста «орыс әлемінің» сойылсоғарларына айналады деген ой қаперімізге кірмепті. Қазір олар бетпердесін шешіп, түр-келбетін көрсетсе де, іс-әрекеттеріне мемлекеттік органдар тарапынан құқықтық-саяси баға берілмейтінін сеземіз. Бұрын солай болған, бүгін де, ертен де солай болатын шығар. Өйткені біз таспен атқанды аспен атуға дағдыланған елміз...

Б.В.Исаев дүниеден өткенде облыс басшылығы қарт коммунистің қазасына қабырғасы қайысып, қазанамаға жарқын бейнесі жалында сақталатынын жазды. М.С.Тереник Ресейге қоныс аударғанда әкімдік қызметкерлері алдынан ақ жол тілеп, қимастық сезіммен шығарып салды. Т.И.Кузина Славян мәдени орталығының жемісті қызметі үшін Қазақстан Халқы ассамблеясының құрмет-қошеметіне бөленуде... Тіпті 2019 жылы Кремльдің Георгий залында Ресей президенті Путиннің қолынан «Достық» орденін алды.

Саша Вервекін болса, жуырда Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиалының төрағалығына сайланды. Айтпақшы, кезінде Мәскеуді жаулап алып, өртеп жіберген жорықшы қолбасшылардың құрметіне «Токтамыс хан жолдарымен» немесе «Наполеон жолдарымен» атты экспедиция ұйымдастырылған жоқ. Ондайға Ресей билігі жол бермейді. Ал бізде, керісінше, Вервекін мен оның омбылық достарына қолдау көрсетілді...

Бір жақсысы, жерлестеріміздің арасында шовинистік, сепаратистік пиғылдағы интернет «батырлардың» іс-әрекеттерін қатал айыптайтын өзге ұлт өкілдері аз емес. Солардың бірі — орыс ақыны, еңбек ардагері Константин Васильевич Лунин. 2002 жылы қалалық мәслихатта чекист Дзержинский атындағы орталық көшені академик Қаныш Сәтбаевтың атымен қайта атау жөнінде мәселе көтерілгенде Лунин мәслихат депутаты ретінде батыл қолдау көрсетті. Әрі мемлекетшіл ақын ретінде әлемдік данкка бөленген жерлес ғалымды әспеттеп өлен оқыды! Ол бұл жолы патшашыл-кеңесшіл топты да, сол топтың рухани көсемі Жириновскийді де өленмен сынады! Қазақстандықтардың арасындағы шынайы достықтың үлгісі осындай болса керек-ті.

Сөз соңында айтарымыз, кейінгі ономастикалық шараның қалың жұртшылық тарапынан қолдау табуы Ертістің Кереку өңірінде ұлтаралық келісімнің салтанат құруының бір айғағы екені сөзсіз. Демек ономастика саясатында оң өзгерістер әлі жалғаса береді. Ал көршінің көңілі басқада.

Арман ҚАНИ,
Павлодар қаласы

ТАҚЫРЫПҚА ТҰЗДЫҚ

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ ҮНСІЗДІКПЕН ҚОРҒАЛМАЙДЫ

Соңғы уақытта ресейлік саясаткерлер тарапынан Қазақстанға қатысты түрлі арандату сипатындағы сөздер айтылуда.

Бұрын біз Соловьев-Лимоновтардың сөзін ғана естісек, енді билік тізгіні қолында бар, үңіліп қарасақ, әр ойы Ресей билігінің көзқарасы ретінде атауға болатын саясаткерлерден арандатушылық сипатағы сөз естіп отырымыз.

Депутат Никонов сөзіне қарсылық білдіріп, нота жолдадық. Алайда артында оның еріптесі Федоров, президент көмекшісі Мединский, күні кеше Жириновский тағы да біздің елге қарата негізсіз мәлімдемелер жасады. Дегенмен СИМ оны байқамағандай сыңай танытты. Мүмкін қарсы реакция жағдайды ұшықтырып жібереді деп ойласа керек. Осының бері есті адамды ойландырмай қоймайды. Соңғы бір жылдың ішінде қаншама арандату ниетіндегі сөз айтылды. Бұлар белгілілері ғана, ал белгісізі қаншама? Мектеп бағдарламалары, олардың тарих кітаптары мен ЖОО-дағы идеологиялары қай сипатта екенін аңғару қиын емес. Біздің өлімізге де осы бағытта жұмыс істеу керек. Көп жұмыс. Әсіресе, идеология бағытында.

Мәселені жоқ дегеннен жоғалып кетпейді. Ауруды емдеудің ең бірінші жолы оның барын мойындау ғой. Бұл арандатушылық сипаттағы сөздер, баяндамалар азаймайды.

Айыптауларға, барлық негізсіз арандатушылық әрекеттерге жауап берілуі тиіс. Себебі үнсіздік — келісудің белгісі. Сөзбен жасалған шабуылға жауап қата алмасақ, жаман айтпай жақсы жоқ, басқа шабуылдарға қалай жауап қайтарамыз? Сондықтан ұлттық мүдде үнсіздікпен қорғалмайды. Тәуелсіздікті қорғау, жерді қорғау 13 мың шақырым шекараға әскер қоюмен шектелмейді. Ең алдымен, осындай арандатуларға айқын жауап беруден көрініс табады.

Асхат ҚАСЕНҒАЛИ,
саясаттанушы



В.Н.Вихляновпен бірлесіп жазған мақалада «...бұл өңір Павлодар уезі атанып тұрған кезде Ресейдің Омбы губерниясына қарайтын еді, амал не, 1920 жылы Кыргыз АССР-нің құрамына қосылып кетті» деген ойларын жария етті («Павлодар или...», «Городская неделя». 13.07.2005 ж.).

Қылмыс

ЖҰМЫРҒА
ЖҰҚ БОЛМАҒАН
500 ЖЫЛҚЫ

(Басы 1-бетте)

Ал Шет ауданының шеткері қонысынан жай тепкен әлгі жылқышылар малын сұрап келген жаңға қорадан кез келген қылқұйрықты құрықтап береді екен. Малсақ біреу болмаса, қазір жылқы танитын адам

екеуі де қауқарсыз көрінеді. Қарағанды облысы полиция департаменті тергеу басқармасының тергеушісі Қанағат Сайлауұлының айтуынша, 2007 жылдан бері мал баққан жылқышылар ай сайынғы



бар ма? «Малың осы» десе болды, жетектейді де кетеді. «Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында» деген, бақташының өзі қадағаламаған соң, кейбір пысықтар тай орнына қысырақ, ат орнына құлынды бие құрықтап кетпесіне кім жауапты? «Малды біреуге бақтырып жатырмыз, жылқым өсіп-өніп, көбейіп жатыр» деп жүрген елу-алпыс ауыл тұрғыны айдың-күннің аманында қотыр тайсыз қалды. Онысы аздай, олар ай сайын әр басқа 1500 теңгеден төлеп отырыпты. Әлгі жылқышылардың 500 жылқыға бір айда қанша ақша алып отырғанын өзіңіз есептей беріңіз! Тергеушілердің айтуынша, 174 миллион теңгенің малы ұшты-күйлі жоқ. Бірақ шығынды өтеуге

түскен ақшаны жинамай жұмсай берген. Өз ісіне епті адам жарты миллион жылқының бағымынан түсетін ақшамен әлдеқашан байып алар еді. Бұл салғырттық па, жауапсыздық па? Ол жағын 500 қылқұйрықтан жабағы тай қалдырмаған әлгі екі жылқышыдан сұрау керек шығар.

Жылқы демекші, Шымкенттің сакшылары 2019 жылдан бері біреудің 8 бас жылқысын сатып беремін деп алып, не малды қайтармай, не ақшасын тауып бермей қашып жүрген күдіктіні ұстапты. Жылқы иесі «Малым енді саған аманат» деп тапсырған шығар. Әйтпесе, бір емес, сегіз басты кім сеніп берсін?..

Жарас КЕМЕЛЖАН

Жаңа кітап


Сәуір айында отандық тарихшы һәм саясаттанушы Сұлтан Әкімбековтің «Қазақтар: төңкеріс пен аштық жылдары арасында» атты кітабы жарық көрді. Автор өз еңбегінде қазақ тарихындағы осынау қиын-қыстау кезеңге егжей-тегжейлі тоқталады.

Сөз жоқ, Сұлтан Әкімбековтің бұл еңбегі Қазақстан тарихындағы тың пікір, жаңа көзқарас. Бүгінге дейін 1917-1936 жылдар арасында қазақ халқы басынан кешірген шырғалаң заманды дәл осылай суреттеген ғылыми еңбек болған жоқ.

Аталған кезеңде Ресейде төңкеріс болды. Қазақтың саяси тұлғалары қалыптасты. Азамат соғысы өршіді. Қазақ автономиясы құрылды. Орталық Азияда ұлттық-аймақтық межелеу процесі жүрді. Дәстүрлі өмір салты жаңғырып, түбегейлі өзгеріске ұшырады. Ұжымдастыру және одан кейінгі 1931-1933 жылдары алқымынан алған ашаршылық.

Кітап 1936 жылы Қазақ автономиялық республикасының одақтық республика мәртебесін алған кезеңмен аяқталады. Шын мәнінде, бұл Қазақстанның келешек тәуелсіздігінің басты

ШЫРҒАЛАҢ ЗАМАННЫҢ ШЕЖІРЕСІ



шарты болғаны анық. Өйткені 1936 жылы Башқұрт және Татар республикалары РСФСР құрамында автономиялық болып қалғаны мәлім.

Кітапта қазақ тарихындағы ең қиын, сонымен бірге ең маңызды кезең суреттеледі. «Қазақтар: төңкеріс пен аштық жылдары арасында» кітабы еліміздің тарихи ғылымындағы үлкен оқиға екеніне дау жоқ. Оның ар жағында автордың талмай ізденуі, жанкешті еңбегі жатыр. Мұнда ең күрделі сауалдарға қарапайым тілмен жауап берілген.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

(Басы 1-бетте)

Осылай құрылыс жұмыстары басталды. Жалпы ішкі туризмді дамыту арқылы да біз елдің экономикалық әлеуетін жақсарта аламыз. Соған титтей де болса,

кейде табиғатты ластамау керек дейміз. Бірақ демалыс орындарының кейбірінде сервис түгілі, кокыс тастайтын жәшік жоқ. Ал егер біз демалушыларға толыққанды жағдай жасап, демалыс орнын жалтыратып таза ұстайтын болсақ, олар да ұялғаннан тазалықты бүлдірмейді.

Сырымбек ТАУҰЛЫ, УОКОНАМА брендінің Қазақстандағы ресми дистрибьюторы, кәсіпкер:

ТУРИЗМ – ТАБЫСТЫҢ ТҰМА БҰЛАҒЫ

үлесімзді қоссақ деген ниетпен осы шаруаны аркалап келеміз. Пайда табу туралы әлі ертерек. Өйткені бізде бұл сала әлі дами қойған жоқ.

Jas qazaq: Туризм турасында әңгімемізді басталдық қой. «Мен шықпаған төбе бар ма» дегендей, сіздің де табаныңыз турист ретінде талай елдің топырағына тиді. Қызметтік сапармен де шетелге жиі ұшасыз. Ішкі туризмді дамыту, өрісін кеңейту, қаржы тарту туралы мемлекеттік бағдарламалар да қабылданып жатады бізде. Бірақ тұралаған саланын күретамырына қан жүргізу мақтанарлықтай емес.

Сырымбек Тауұлы: «Ауруын жасырғанның өлімі әшкере» дейді. Туризм саласы қарыштап дамып келеді деп айтуға әлі ерте. Менің жоғары оқу орнын бітірген дипломдағы мамандығым – экономика және туризм. Маман болған соң ба, туризм саласын зерттеп жүремін. Былтырғы жылғы карантиндік шектеулер туризмді де тұралағтты. Шетелдік сайттардан оқыдым ғой деймін, біздің елге келетін шетелдік туристер ірі қалалардағы емес, алыстағы қонақүйлерге қоналқаға барып, аялдағанда ең алдымен жуынатын бөлмесін, әжетханасын осып-осып сынап кетеді екен. Көзімен көрген соң, көңілі суығандықтан айтады ғой. Бәрі қыздың жиған жүгіндей жинақы, айнадай таза болып тұрса, олар да түртінектемес еді. Осындай пікірлерді оқығанда «неге біз шетелдіктердің талабына татитын, тамсанып таңғалдыратын қонақ үйді туристік аймақтарда да салмаймыз» деп өзімізді қамшылау да болды. Өз басым осы уақытқа дейін 53 елде болдым. Сапарға аттанғанда әдейі жолдағы қонақүйлерге тоқтауға тырысамын. Ерекшеліктеріне, артықшылықтарына баса мән беріп қараймын. Монблан, Альпі тауларында салынған отельдерді неге Көлсайдың қойнауына салмаймыз? Мұнда да алты ай қыс Тянь-Шань шашақты тауларын ақ қар басып жатады. Қарағай, самырсыны қоршаған тауын төрінде көлі бар. Бұдан өзге де біздің туризмді дамытуға сұранып тұрған өнімлер жетеді.

Кейбір жастарымыз туристік саяхатты суретке түсу деп қана түсінеді. Олай емес. Мысалы, Көлсай көлдерін көруге келдіңіз бе, табиғаттың тамашасын көзіңіз тойғанша тамашаланыз. Суретке түсіңіз. Мұнымен шектелменіз, таудың ауасымен тыныстаудың әсерін айтып жеткізе алман. Кітабыңызды алып, таудағы самырсынның түбінде саялап жатып, рухани байлығыңызды арттырыңыз. Жоба-жоспарыңызды түзіңіз, қаланың қым-қуыт тіршілігі түріп тастай берген соң жаза алмай жүрген шығарманызға отырыңыз. Жәй ғана жаныңызға тыныштық тілеп келдіңіз бе, аяқ-қолды көсіп тастап демалыңыз. Біз

Ғылыми тұжырым емес, бірақ өзімнің зерттеуім бойынша, жапондар өз ортасын ғана емес, әлемді тазартқысы келетін халық секілді көрінеді маған. Бір ғана мысал, 2018 жылы Ресейде өткен футболдан әлем чемпионаты. Жапония ұлттық құрамасы топтық кезеңде Сенегал футболшыларына қарсы ойнағанда да, Колумбия қырандарымен тартысқан соң да стадионды жапон жанкүйерлері тап-тұйнақтай етіп жинап, кокысын түгел теріп кетті. Олар осылай әлем алдында тазалықты ерекше қастерлейтінін паш етті. Немістер де киіміне қылау түсірмейтін кірпияз халық дейміз. Бірақ олар барған жерінің тазалығына баса мән береді. Айнадай жалтырап таза тұрса, олар да тазалықты сақтайды. Ал егер кокыс шашылып жатса, «бұл жерде ластауға болады екен ғой» деп ойлайды да, қолындағы кокысын лақтырып кетеді.



2019 ЖЫЛЫ КӨЛСАЙДЫҢ ТАМАШАСЫН КӨРУГЕ КЕЛГЕН ТУРИСТЕРДІҢ САНЫ 87 МЫҢҒА ЖЕТІПТІ. ОНЫҢ 35 ПАЙЫЗҒА ЖУЫҒЫ ШТЕЛДІКТЕР. ОСЫ САНДЫ 150 МЫҢҒА КӨТЕРУГЕ БОЛАДЫ.

Сондықтан да тағы да қайталап айтам, тазалықты да, туристік сервисті де бірінші өзімізден бастауымыз керек. «Өзінді-өзің жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін» деген мақалдың астары тым терең түсіне білген адамға.

Ең алдымен, біз инфрақұрылымның иін қандыра илеп, сервистік қызметті жақсартқанда ғана туризмнің тамырына тіршілік нәрі барады.

ӘУЕЖАЙЫ АСЫРАЙТЫН ЕЛ

Сингапур деген елдің «Чанги» әуежайы күніне 3500 адамды қабылдайды. Бір жылдық шығынын бір күнгі қызметімен

ҚЫТАЙДА ӘЙНЕКТЕН САЛЫНҒАН АСПАЛЫ КӨПІР БАР. БІЗДІҢ ШАРЫН ШАТҚАЛЫ ОСЫНДАЙ КӨПІРГЕ СҰРАНЫП ТҮР ЕМЕС ПЕ?! ӘЙНЕК КӨПІРМЕН ЖҮРУ ҮШІН ДЕ ЖҰҢҒОҒА БАРАТЫН ТУРИСТЕР КӨП. ШАРЫН ШАТҚАЛЫНЫҢ ӨЗЕГІНДЕ АҒЫСЫ ҚАТТЫ АСАУ ӨЗЕНІ БАР, ЖАҒАЛАЙ ТАЛ-ДАРАҚҚА ТОЛЫ. АҚШ-ТЫҢ КОЛОРАДО ШТАТЫ МЕН БІЗДІҢ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА ҒАНА ОСЫНДАЙ КАНЬОН БАР. НЕГЕ ИГІЛІГІМІЗГЕ ЖАРАТПАЙМЫЗ?

ақтап алады. Қалған 364 күннен түсетін қаржы мемлекеттің қазынасына таза пайда есебінде құйылады. 13 шаршы шақырым ғана қашықтықта орналасқан әуежайдың өзінен-ақ Сингапур елі пайдаға малынып отыр. Басқа да табыс көзі бар шығар, бірақ бұл мемлекет осы әуежай қызметін ұсыну арқылы да халқын асырап отыр. Біз тұмса табиғатымыздың кереметін, жеріміздің

жауһарларын жақұтқа айналдыра білгенде туризмді жандандырамыз.

Бізде мұндайдың бірі де жоқ деп ауызды қу шөппен сүрте беруге болмайды. Орталық Азия елдері астаналарының қауіпсіздігі жағынан Нұр-Сұлтан қаласы алдыңғы орында. Халықаралық рейстердің көпшілігін қабылдауға, қондырып, ұшыруға Елордадағы әуежайымыздың қауқары жетеді. Гонконгтан, болмаса Филиппиндер елінен ұшып шыққан ұшақ Еуропа елдеріне барар жолда бас қаламыздағы әуежайға аялдап, ары қарай ұшады. Бұл да біздің елдің өзгелер алдында еңсесі нық болуына септігін тигізеді.

Jas qazaq: Тау басына тұнған көлді тамашалаушылардың қатары жылдан-жылға артуына қара жолдың бетіне асфальт төселіп, шұңрық-тесігі бүтінделіп, темір тұлпарлар бұрынғыдай бөкен желіспен емес, құстай ұшып жететіні себеп болса керек.

Сырымбек Тауұлы: Жақында «Көлсай көлдері» ұлттық табиғи паркінің директоры Данияр Тұрғанбаев бауырымызбен сөйлескенде айтты. 2019 жылы Көлсайдың тамашасын көруге келген туристердің саны 87 мыңға жетіпті. Оның 35 пайызға жуығы шетелдіктер. Осы санды 150 мыңға көтеруге болады. Туристердің қатары артса, жергілікті тұрғындарға, сол манда кәсібін дөңгелетуші кәсіпкерлерге де түсетін пайда еселенеді. Сауылған саумал, қымыз, құрт-май, ірімшік көптеп саудаланады. Ұлттық тағамдарымыздың да танымалдығы артады. Ертеулі атын жетектеп жүретін жастардың да жылқысын жалға беріп табатын табысы көбейеді. Көлсай көлдеріне апаратын жолға әлемдік стандартқа сай асфальт төселіп, тактайдай тегіс болды. Темір тұлпарын зырылдап жүргенде тайпалған су төгілмес жорғаны мінгендей әсер аласын. Туристердің көптеп келуіне жолдың бүтіндігі де септігін тигізді.

Былтырғы карантиндік шектеуден шыға алмағандықтан, азаматтарымыздың арасында өз еліміздің туристік нысандарды аралауға қызығушылық танытқандардың саны басым болды. Оны көзімізбен де көрдік. Құрылыс жайын көріп қайтуға Көлсайға жиі қатынаймын. Сонда жол-жөнекей ары да, бері де ағылған жолаушылар автобусы көп.

Jas qazaq: Қазба байлық таусылады, мұнай да сарқылады, көмір мен темір де түгесіледі. Біздегі бар қазба байлықтың бірі де жоқ елдер осы туризмнен төрт құбыласын түгел қамтып отыр ғой.

Сырымбек Тауұлы: Мысал еткен Сингапур мемлекеті келген туристің әрқайсысынан 1200 доллар көлемінде қаражатын алып қалады. Жапония әр туристен 1500 доллар «сауып алады». Әлемге аранын ашып тұрған пандемияға дейін Жапония мемлекеті жыл сайын жер жүзінен 40 миллион туристі күтіп, құрметтеп шығарып салып келді. Олар былтыр Токио жазғы Олимпиадасын өткізуі тиіс еді. Пандемияға байланысты кейінге шегерілді бұл лода. Міне, сол Олимпиада ойындарына келетін туристерді қосқанда, былтыр 80 миллион туристі қабылдаймыз деп жоспар түзді. Жеріміздің көлемі жөнінен әлемде тоғызыншы орындамыз. Иә, кеуденді мақтаныш кернейді. Осы ұлан-ғайыр атырапта 18 миллиондай халық тұрамыз. Жапонияның жер көлемі бізден тоғыз есе кішкентай. Салыстырмалы түрде алғанда, Қарағанды облысының аумағындай шығар. 130 миллион халық тұрады. Ұлардың ұясындай ғана жерді мекендеген халық еңбекқорлығы мен өнертапқыштығы, қонақжайлығы арқасында әлемнің тандайын қақтырып келеді.

ИЛОН МАСК КӨЛСАЙҒА КЕЛУІ ҮШІН...

Jas qazaq: Жаратқанның біздің елге берген сыйы ерекше ғой. Еліміздің қай өңірін алсаңыз да, туризмді сан тарау бағытта дамытуға өте-мөте қолайлы.

Сырымбек Тауұлы: Қытайда әйнектен салынған аспалы көпір бар. Біздің Шарын шатқалы осындай көпірге сұранып тұр емес пе?! Әйнек көпірмен жүру үшін де Жұңғоға баратын туристер көп. Шарын шатқалының өзегінде ағысы қатты асау өзені бар, жағалай тал-дараққа толы. АҚШ-тың Колорадо штаты мен біздің Алматы облысында ғана осындай каньон бар. Неге игілігімізге жаратпаймыз? Казірдің өзінде Шарын шатқалына, Көлсай көлдері, Қайыңдының кереметін көруге асық адамдардың қатары өсіп келеді. Қуанатын жайт, біз заман ағымына ілесіп дамуға, өсуге ұмтылуымыз керек, туристердің талғамына татитын дүние ұсынуымыз қажет.

Jas qazaq: Қайтадан Көлсай көлдерінің маңына салып жатқан қонақүй кешеніне ойысасак. Маркетингті қалай жасағанда туристерді тарта аламыз?

Сырымбек Тауұлы: Быыл ердің жасы елуге толатын әйгілі өнертапқыш, инженер, инновациялық жобалардың инвесторы, бизнес-магнат Илон Масктың компаниясы шығаратын Tesla автокөлігін маркетингке пайдаланамыз. Қалай дейсіз бе? Көлсай көлдеріне апаратын асфальт жолдан бұрылған соң біздің қонақүй кешеніне дейін 5 шақырым қара жол. Кәдімгі қара топырағы қара тасын көміп жатқан жол. Асфальт төселмеген, кезінде көліктің табаны із салған сорабы. Біз осы жолға әдейі асфальт төсемей, тиіспей отырмайз. Қара жолмен қонақүй кешеніне дейін Tesla көлігімен жүреміз. Осыны Илон Маск көруі керек, біз оны осылай шақыруымыз қажет. Өзінің ойлап тапқан көлігі тегіс жерде ғана емес, тау-тасқа да шыға алатынына көзі жеткен Маск Көлсайға келіп-кетсе, ішкі туризмнің дамуына айтарлықтай әсер ететіні сөзсіз. Илон Масктің табаны тиген жерді көруге ынтасы артушылардың да қатары көбейеді.

Jas qazaq: Сауалымызға тұшымды жауап бергеніңізге рахмет. Ісіңіз ілгері баса берсін!

Сұхбаттасқан
Қуаныш ӘЛМЕРЕК

Еліміздегі шағын несие ұйымдары мен ломбардтар 1 наурыздан бастап жаңа ережемен жұмыс істеуге көшті. Олар енді тұрақты түрде есеп береді. Шектен тыс пайыздық мөлшерлеме қоя алмайды. Ең бастысы, несиені оңды-солды тарата алмайды.

Бұған дейін қаржы саласындағы осы бөлік бақылаудан сырт қалған-тұғын. Әдетте, оларға аяқ астынан ақша керек болып қысылған жан жүгінетін. Өйткені банктегі сияқты мұнда көп құжат талап етілмейді. Табысы да ескерілмейтін. «Қандай да бір келісімшартқа қол қоймас бұрын мұқият оқып ал» дейтін маман кеңесіне құлақ асатындар бізде кемде-кем. Әрі ұсақ жазумен

ШАҒЫН НЕСИЕ НАРЫҒЫНДА ТӘРТІП ОРНАЙДЫ

жазылған келісімшартты оқуға көп адамның шыдамы да жете бермейді. Кейін ғана, несие төлейтін уақыт келгенде сан соғып қалады. Екінші деңгейлі банктерге қарағанда, шағын несие ұйымдарының пайыздық мөлшерлемесі тым жоғары екені белгілі. Кейде несие берушінің келісімшартында пайыздық мөлшерлеме көрсетілмейді де. Ақырында «Күліп келген қарыз жылап қайтады».

Ломбард атаулының өз китүрқысы өзінде. Ұрланған бұйымдарды қабылдауды былай қойып, кейбірі қаржы пирамидасының рөлін ойнауға көшті. Соның нәтижесінде былтыр талай адам тақырға отырды.

Ал жана ереже ондай заңсыз әрекетке жол бермейді. Айта кеткен жөн, бұдан былай ломбард қызметі шағын несие ұйымына жатқызылады. Демек осы салада қызмет көрсетушілердің бәріне қойылатын талап бірдей.

Сөйтіп Ұлттық банктің 1 сәуірдегі дерегі бойынша, шағын несиесімен қаржыландыру нарығында 883 ұйым тіркелген. Оның ішінде 178 шағын несие ұйымы (ШНҰ), 542 ломбард және 163 несие серіктестігі өз қызметін жүргізуге лицензия алды. ШНҰ нарығын реттеу банкке жатпайтын салада тәуекелді азайту,



жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету, сондай-ақ қаржы қызметін тұтынушылардың құқығын қорғауды көздейді.

Өткен жылғы қараша айында шағын несие қызметін лицензиялау ережесі бекітілді. Бұл ереже бухгалтерлік есеп-қисапты автоматтандыру, мүлтіксіз іскерлік бедел және жетекші қызметкерлердің біліктілігін, ШНҰ-на қатысушылардың сотталмаған болуын, табысты жариялауға арналған ақпараттық жүйеге қосылу, кенсе қауіпсіздігі стандарттарына қатысты талаптарды қамтиды.

Әлбетте, бұған дейін қызметін өз бетінше жүргізген салада бірден тәртіп орнату онайға соқпайтыны белгілі. Ол үшін алдын ала дайындық жұмыстары жүргізілді. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (ҚНРДА) төрағасының орынбасары Нұрлан Әбдірахмановтың айтуынша, лицензия алуды жеңілдету мақсатында қойылатын талаптарға сай құжаттар мен мағлұматтар тізімі жасалған. Агенттік Шағын несие ұйымдары қауымдастығы, Қазақстан Ұлттық ломбардтар лигасы, агроөнеркәсіп саласындағы Несие серіктестіктері қауымдастығымен бірлесіп, шағын несие нарығына қатысушыларға лицензия алу рәсімін түсіндірді. Лицензия алушыларға құжатты электронды түрде, яғни «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы және кенсе арқылы қағаз түрінде тапсыруға мүмкіндік ұсынылды.

2019 жылдың қарашасында ШНҰ-ның тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін оны жарғылық және өзіндік капиталының мөлшеріне қойылатын талаптар бекітілген болатын. Жұмыс істеп тұрған ұйымдар үшін ол 2023 жылға дейін кезең-кезеңімен көбейтіледі. Таратып айтсақ, шағын несие ұйымдары капиталдың ең төменгі мөлшерін 30 млн теңгеден 100 млн теңгеге дейін, несие серіктестіктері 10 миллионнан 50 млн теңгеге дейін, ал ломбард 10 миллионнан 70 млн теңгеге дейін көбейтеді. Ал жаңадан құрылатын ұйымнан жарғылық және өзіндік капиталдың ең жоғары мөлшері талап етіледі.

Лицензиялауды енгізу шағын несие нарығына қатысушылардың жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті деңгейін қадағалауға мүмкіндік береді. Заңсыз немесе алаяқтық әрекетке, соның ішінде қаржы пирамидасының тәсілдерін қолдануға жол бермейді. Осылайша нарықтағы арам пайғылды ұйымдарды ығыстырып, тұтынушының құқығын қамтамасыз етуге қол жеткізілмек.

Енді шағын несие ұйымдары алдына келген клиентке бұрынғыдай ұсақ емес, ірі қаріппен жазылған келісімшарт ұсынуға міндетті. Қаржылық жағдайы да есепке алынады. Мәселен, жалақысы 100 мың теңге болса, ай сайынғы төлем 50 мың теңгеден аспайтын несие беріледі.

Сондай-ақ есеп беру мен жауапкершілік жүгі артады. Бұрынғыдай шектен тыс пайыздық мөлшерлеме белгілей алмайды. Келісімшартты рәсімдеу уақыты да ұзартылды. Әнбетте, мұндай талап ең алдымен ломбард иелеріне, олардың қызметіне жиі жүгінетіндерге жақпайтыны анық. Кішкентай ғана бұйымды өткізуге келген адам пәлен құжат толтырудың қажеті не шамданады белгілі. Бірақ бұл қадамның бәрі сайып келгенде, тұтынушының қамын күйттегеннен басқа ештеңе емес. Өйткені кез келген несиенің өз тәуекелі бар. Қандай жағдай болмасын, қарыз адамның мойнында қалады. Сондықтан тек шағын несие ұйымдары ғана емес, несие алушы да жауапкершілік арқалайтынын ұмытпауы керек.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне лицензия алуға өтініш бермеген ұйымдар және лицензияға рұқсат берілмегендер қызметін тоқтатады. Лицензия алған ұйымдардың тізімін ҚНРДА ресми сайтынан көруге болады.

Талап ТЛЛЕГЕН

Шаһар тынысы


Еліміздің үшінші мегаполисі Шымкент қаласында биыл да жол жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізіліп, миллионды қаланың инфрақұрылымының дамуына оң әсер етіп жатыр. Биыл да деуіміз, былтыр жалпы ұзындығы 308 шақырым жол салынып, жөнделген болатын. Осы жылы Шымшаһарда 295,3 шақырым көшеге жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

ЖОЛ ЖӨНДЕЛДІ, ШҰҢҚЫР ЖАМАЛДЫ



Еліміздің үшінші мегаполисі Шымкент қаласында биыл да жол жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізіліп, қала инфрақұрылымының дамуына оң әсер етіп жатыр. Былтыр жалпы ұзындығы 308 шақырым жол салынып, жөнделген болатын. Осы жылы 295,3 шақырым көшеге жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Бұл туралы Шымкент қалалық жол ауышлар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Ержан Жолдасов айтып берді. Е.Жолдасов: «Осы жылдың ақпан айында аудан әкімдіктерімен бірлесіп, қала көшелеріне зерделеу жұмыстарын жүргіздік. Соның нәтижесінде автомобиль жолдары саласында 168 нысанды, яғни 295,3 шақырым жол мен

көшеге құрылыс-жөндеу жұмыстарының схемасы дайындалды. 2021 жылы автокөлік жолдарының жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы үлесін 63,6 пайызға жеткізуді жоспарлап отырмыз», – деді. Оның айтуынша, биыл 21,8 шақырым көше жолдары жөнделеді. Қалада жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында проекциялық өткелдер орнату жұмыстары жүргізілуде. Бұл өткелдер пилоттық жоба ретінде Сыпырған ата көшесі мен Әл Фараби көшесінің қиылысы және Темірлан тас жолындағы Satti zhol жанар-жағармай бекетінің маңына қойылған. Аталған жоба аясында биыл 15 белсенді жаяу жүргінші өткелі орнатылады. Осы орайда, жол кептелісін шешу мақсатында 8 көше қиылысына оң жақ өткел салу жоспарланған. Қазір мегаполистің бірқатар көшелерінде шұңқыр жамау жұмыстары аяқталды. Шымкент қаласында қазіргі таңда Рысқұлов көшесінің қиылысынан бастап Өтегенов көшесінің қиылысына дейін Қазиев көшесі, А-2 Хоргос-Алматы-Шымкент автомобиль жолы Бадам өзені көпірінен бастап Қазығұрт шағынауданына дейін, Темірлан тас жолы Алпысбаев көшесінің қиылысынан бастап Аэропорт жолының қиылысына дейін, Жолан батыр, Алпысбаев көшелерінде шұңқырды



асфальт-бетон қоспасымен жамау жұмыстары аяқталды. Алдағы уақытта қаланың барлық көшелеріндегі шұңқырды жамау жұмыстары кесте бойынша атқарылады. Бірінші кезекте шұңқыр жамау жұмыстары көлік ағыны көп магистралды көшелерден бастау алып, одан әрі ішкі орам көшелерге жүргізіледі. Айта кетейік, қалада жалпы көшелердің ұзындығы 3 247,6 шақырымды құрап отыр. Ал аялдама саны – 1 886. Оған қоса, биыл жаңадан 256 аялдама орнатылады.

Мәриям АЙТБАЙ, Шымкент қаласы

Шағын бизнес

Жаңашылдыққа деген қызығушылық адамның кәсіп бастауға құлшынысын арттырады. Соңғы жылдары елімізде жылыжай кәсібі кеңінен өтек жайғаны



байқалады. Киелі Түркістан төріндегі Қазығұрт ауданының тұрғыны Аманжол Әшірбаев жылыжай салып, кәсібін дөңгелетіп отыр. Jas qazaq газетінің атынан кәсіпкердің өзіне хабарласып, шаруаның қыр-сырын сұрадық.

Түркістандық кәсіпкер алғаш 2013 жылы 24 сотық жерге жылыжай салуды ұйғарады. Онай жұмыс еместігіне көзі жетіп, әбден зерттеп жер көлемін ұлғайтқан. 2016 жылы тағы 55 сотық қосып, сол жылдың аяғында 1 гектарға жеткізген. Жылыжай бизнесі дамыған Өзбекстаннан маман шақыртып, тәжірибе алмасып, іздеген сұрақтарына жауап табады. Өз жұмысының қыр-сыры туралы Аманжол Әшірбаев: «Бүгінде жылыжайдың аумағы 3 гектарға жетті. Түгелдей қызанақ пен қияр егілген. Жыл бойы 45-ке жуық азамат осы жылыжайда қызмет етсе, жиын-терін маусымында 60-қа тарта адамды жұмыспен қамтимын. Жылыжай бір жылда 400-450 тонна өнім береді. Көкөністің бір бөлігі көрші Ресейге экспортталады. Енді



бір бөлігі Алматы, Ақтау, Нұр-Сұлтан секілді еліміздің ірі қалаларына жеткізіледі. Машақаты да, пайдасы да мол бизнестің бұл түрін бастаушылар көп болғанмен, кәсіптің



көзін табатындардың қарасы аз. Бастапқы кезеңде жылқыжайдың қыр-сырымен танысу керек. Тәжірибелі мамандармен ақылдасып, олардан кеңес сұрап алған артық етпейді. 50 сотық жерден бастаса, тіпті жақсы. Себебі көптеген адамдар 10-20 сотық жер бастап, алатын өнімі аз болады да, шаруасын аяқсыз қалдырып жатады. Сол үшін жылыжайдың аумағы неғұрлым көбірек болғаны абзал. Ең бастысы, адамның өзіне деген сенімі болсын», – деді. Отандық өнімнің орны қашанда бөлек. Еліміздегі кез келген өндіріске мемлекет



тарапынан да көмек көрсетіледі. Мұндай көмекті, яғни субсидияны иелегендердің тізімінде қазығұрттық Аманжол Әшірбаев бар. «БЖК-2025» мемлекеттік бағдарламасына қатысудың нәтижесінде кәсіпкер жылыжай құрылысы үшін былтыр 14 пайызбен банктен несие алған. Ең бастысы, оның жартысынан көбін, яғни 8 пайызын «Даму» қоры субсидиялаған екен. «Еңбекпен тапқан нан тәтті» деп бұрынғылар бекер айтапқан. Экономика дамып, әлеуеттің көтерілуі халық пен мемлекеттің бірлесе жұмыс істеуінің нәтижесі екені анық.

Мәулен ЖЕКСЕНЫ

Дін-діңгек

Орталық Азия елдері арасында Қазақстан бірінші болып Сирия асқан азаматтарын елге қайтарды. Бұл көпшілікке белгілі «Жусан»

операциясы арқылы жүзеге асты. Бес кезеңнен тұратын операция кезінде 600-ге жуық адам елге оралды. Оның ішінде әйел адамдар мен балалар көп. Осыған орай, Ақтөбе облысы Темір аудандық жастар саясаты және дін істері орталығы «Жусан: оралу мен оңалу» атты онлайн кездесу өткізді. Кездесуде белгілі дінтанушы, философия ғылымдарының кандидаты, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ дінтану кафедрасының доценті Кеңшілік Тышхан «Жусан» операциясының маңызын жан-жақты талдап көрсетті.

А.Тәжікова: Бүгінге дейін «Жусан» операциясы елімізде 5 кезең бойынша жүргізілген болатын. Әр кезеңнің өзіне тән ерекшеліктері бар. Әр кезеңдегі статистика да әр түрлі. Өзіміз Қазақстан бойынша 2019-2020 жылдары жүргізілген гуманитарлық «Жусан» операциясымен келгендермен жұмыс істегендердің бірісіз. Бес кезеңді салыстыратын болсақ, төртінші кезеңде келгендердің саны көп. Мұны немен түсіндіресіз? К.Тышхан: Менің білуімше, төртінші емес, екінші және үшінші кезеңде көп адам елге қайтты. Бірінші кезеңде он шақты адам ғана келді. Өйткені алғашқыда олар елге қайтуға күдікпен қарады. «Қазақстанға оралсақ, жағдаймыз қалай болады» деген сенімсіздіктері болды. Сондықтан алғашқы кезеңде елге қайтушылардың саны аз болды. Кейін олар елге оралғандармен байланыс орнату арқылы қандай да бір қарулы қақтығыстарға қатыспаса, белгілі бір оңалту шарасынан кейін бостандыққа жіберілетіндері туралы білді. Осыдан кейін барып елге қайтатындардың сенімі артты. Олар өз еліне келіп, заңға сәйкес қорғалатындарын білді. Елге оралғандар белгілі бір оңалту мерзімінен кейін құжаттары реттеліп, балалары мектепке қабылданып, қалыпты өмірге қосылды. Осыдан кейін барып, елімізге қайтатындардың саны артты. Ол – бірінші мәселе. Екінші мәселе – қауіпті азаматтармен өз азаматтарымызды алып шығу да онай шаруа емес. Ресми келісімдер жүргізіліп, зерттеліп барып шешілетін мәселе. А.Тәжікова: Қақтығыс аймағынан қайтқандардың көбі әйел адамдар мен балалар екен. Мұның себебі неде деп ойлайсыз? К.Тышхан: Ер адамдар қолына қару алып соғысқа араласты. 2014 жылдан бастап ол жақта майдан басталды. Күйеулерінің діни нанымына сеніп барған нәзік жандылар көп. Ал соғыста мерт болғандардың басым бөлігі – ер адамдар. Тірі қалғандары түрлі топтарға ілесіп Ауғанстан, Иран еліне өтіп кетті. Сондықтан әйелдер мен балалар көп келді. Елімізге оралған 30 шақты ер-азамат бүгінде түзету мекемесінде отыр. А.Тәжікова: «Жусан» операциясы бойынша келген балаларға қандай көмек беріледі? Олармен қандай жұмыстар жүргізіледі? К.Тышхан: Барлық кезең бойынша 600-ге жуық адам елге оралды десек, оның 70 пайызы балалар. Ең алдымен, балалар жас

ерекшеліктеріне қарай бөлінген. 2-3 жас аралығы мен жаңадан туылған сәбилердің саны басым. Ересек балалар ол жақта әскери дайындықта болған. Бізге келгендердің ең жасы үлкені – 11-12 шамасы. Ал 14-15 жастағылар жоқ. Олар алдыңғы шепке жіберіліп, көбі мерт болды. Өйткені ол жақта 14 асқан баланы



«ЖУСАН»: ОРАЛУ мен ОҢАЛУ

соғысқа қатыстырады. 4-6 жас аралығындағы балалармен психологтар мен теологтар жұмыс істеді. Оларды жаңа ортаға бейімдеу, мектепке дайындау жұмыстары жүргізілді. Негізгі жас буын ересектерге қарағанда тез оңалады. Балаларды оңалту оңай. Олармен жұмыс жүргізу жеңіл. Тек қатты үркіп қалған. Бірақ бірте-бірте жана ортаға бейімделе бастады. Ол балалар соғысты көрді, әкесінен айырылды, қатыгездікті сезінді. Жүректері де қатайды. Мамандар бірлесіп жұмыс істеу арқылы бала жүрегіне жол тауып, оларды бейімдеуге барынша тырысты. А.Тәжікова: Кеншілік мырза, сіз нақты қай кезеңмен келгендермен жұмыс істедіңіз? К.Тышхан: Мен 2-3 кезеңмен келген азаматтармен сұхбаттасып, олардың мұн-мұқтажын тыңдадым. Дін саласының маманы болғандықтан, «қандай ағымды ұстанып жүр, теологиялық ерекшелігі неде» деген сауалдарға жауап іздедік. Көбісінің ол жаққа кету себебі «Халифат» мұсылман мемлекетіне көмектесу, шариғат талаптарын еркін жүзеге асырамыз» деген ой екен. Басты себеп – діни сауаттылықтың болмауы. «Ол жақтағы өмір ғажап» дегенге сенген. Одан бөлек, материалдық дүниеге



Ақтолқын ТӘЖІКОВА, Ақтөбе облысы Темір аудандық жастар саясаты және дін істері орталығының маманы, журналист



www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

ESTELİK

Еске алу

«Өлді деуге сия ма?!» деген тақырыппен 2013 жылдың 1 ақпанында «Жас қазақ» газетіне менің жарым Қажытай Ілиясұлы туралы естелігінде Қабдеш Жұмаділов: «Қажытаймен таныстығым «Шыңжаң» газетінде басталды. Мен Алматыдағы оқуымнан айырылып, екі жылдай жазалау шараларынан өткеннен кейін, «өз мамандығы бойынша істеуге болады, бірақ жазуға құқығы жоқ» деп, «Шыңжаң» газетіне өңдеуші-редактор ғып қабылдаған. Менен кейін Қажытай келді. Қытай тілін бітірген екен. Қытайша судай. Аудармашы болды. Енді тағы бір құдайдың құдіреті, Қажытай екеумізді 1962 жылы 200 мыңдай қазақ отбасы атамекенге үдере ауған қазақтың көші қосақтады. Сол көштің басында біз болдық. Көштің бастаушысы ретінде қытай әскері қуғынға түскенде, Қажытай 10 минут бұрын айтты. Біздің үй қоршауға алынғанда, үйдің артынан қашып шығып, шекараға дейін 30 шақырым жерді басып өтіп, 1962 жылдың 23 сәуірінде таң қылаң бере Қажекем екеуміз атамекен табалдырығын бірге атаған едік. Содан бері 50 жыл бойы жұбымыз жазылған жоқ. Атамекенде енді мен досымның алдындағы қарызымды өтегендей болдым. Оқуға түсуіне, жұмысқа тұруына қол ұшын беруге тырыстым.

«ҚАБДЕШ ТӨБЕНІҢ» ХИКАЯСЫ

Қажытайдың атбегілігі аталарынан келген қасиет болуы керек. Аталары да керемет атбегі болған адамдар. Жан-жақтан ат ұстайтын азаматтар Қажытайды арнайы алдырып, аттарын сынататын. Қай атты айтса, сол аттары бәйгеден келіп жатты. Оған талай куәгер болғанбыз. Оның жылқыға сонша жақын болуы көшпенді тұрмысты жетік білгеннен кейін болды. Ер мінезді, кесек тұлғалы Қажытай маған бауырымдай болып кетіп еді. Ажалға айтар шара жоқ.

*«Аққу ұшып көлге кетті,
Сұңқар ұшып шөлге кетті.
Олар адасып кеткен жоқ,
Бәріміз баратын жерге кетті»,* — деп

баяғылардың сөзімен өзімізді жұбатамыз. Қажытайдың екінші өмірі енді басталды ғой. Соңында қалдырған мұрасын жинақтап, халыққа жеткізу — артында қалған жұртшылықтың міндеті. Қажытай қазақтың нағыз қариясы еді. Бақұл бол, бауырым! Ауылу досым, өмірлік жолдасым!» — деп жазған екен.

Сол тұста Қабдеш аға Қажекең туралы республикалық төрт газетке бір-біріне ұқсамайтын, төгіліп тұрған төрт түрлі қазанама жазыпты. Не деген кимастық, қандай саликалы да салмақты сыйластық десеңізші?!

Менің халық жазушысы Қабдеш Жұмаділов шығармашылығынан докторлық диссертация

қорғауыма осынау екі асыл азаматтың шынайы достығы себеп болған еді. 2010 жылы екеуі де қақаған қысқа қарамай Астанаға бірге барып, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткен қорғауыма бірге қатысқан еді. Еске алсам, көзден жас парлайтын сәт емес пе? Шай үстінде Қабдеш аға: «Мені объекті деп атайды екен» деп жұртты күлдірген еді.

2006 жылы Қабдеш ағаның 70 жасқа толған тойын Мәканшы, Үржар аудандары дүркіретіп өткізіп, қайтар тұста Мәканшыдан 126 шақырым, Үржардан 86 шақырым, Аягөзден 92 шақырым, Таскескеннен 8 шақырым жердегі кафесі, заправкасы бар «Токсан екі» деген жол айрық жерге ат шалдырыпты. ШҚО бойынша бұл тоғыз жолдың торабы, яғни осы жерден Алматы, Өскемен, Семей, Үржар, Мәканшы, Бахтыға

Талғат Шабдановтың айтуынша, ол жерде Қаракерейдің Жанғұлы руынан тарайтын Қажығұмардың үш ата-баба туысы және Қараколдан шыққан қойшы, Социалистік



Еңбек Ері Бөжек Жанасыловтың денесі жатыр екен. Қабдеш ағаның осыдан 15 жыл бұрын айтқан сол өсиеті орындалып, академик Ұлықпан Сыдықов бастаған бір топ азамат Таскескен мешітінен соңғы сапарға аттандырса, оның осындай тарихы бар.

Тура келген ажалға шара жоқ. «Қабдеш төбе» топырағы жәннәт, иманыңыз саламат болсын. Бақұл болыңыз, абзал аға!

Руда ЗАЙКЕНОВА,
*филология
ғылымдарының докторы*

Тағзым Мен төртінші сыныпты бітірген жаз. Атам Сабырбек артына мінгестіріп, ауылдан он сегіз шақырымдағы Мыңжылқы ауылына алып келе жатты.

Жирен ат құлағын анда-санда қайшылап, кейде алға қарай тіктеп қойып, бірқалыпты аяндап келеді. Тұяқтарының жұмсақ топырақты басқаны ғана тып-тып естіледі. Шегірткенің тынымсыз шырылдауы, көкте қалықтап тұрып, жалт беретін бозторғайлардың сайрауы жанымға бір рахат ләззатын сіңіріп барады.

Таулы өңірдегі жасыл жайлаудың ауасы кеуденді кернейді. Тынысын кеңейіп, қолтығына қанат біткендей болады. Атамның сакалы желкемді қытықтайды. Қоңыр да

*Ақ сүйек, шұбар балақ сұңқар едім,
Қайырылып қанатымнан жерге қондым»,* — деп қоңыр дауысымен ыңылдап келеді де кенет кілт үнсіз қалады. Сөйтеді де сәлден соң әңгімесін қайта бастайды.

Біз келе жатқан жазықта патшаға қарсы көтеріліс болыпты. «Патшаға бала бермейміз» деп аталарым соғысыпты. Ұзақ батырды, Жәменкені, Әубәкірді, Тұрлықожаны, Қазыбекті, Серікбайды, тағы басқаларды айтады. Әр отбасынан ат жалын тартып мінгеннің бәрі көтеріліпті. Рысқұл бабамның Қоржынбай, Мамырбек, Әбілбек деген ұлдары қасында осы Сабырбек атам да қолына қаруын алып атқа қоныпты. Оразай деген атамыз Сары-Шобалдан бес жүз адамды бастап Кеңсуда патша отрядын түгел қырып, аттарын,

айтқан өлеңдері, кейбір ерекше мінез көрсеткен адамдардың аттары жалдыма орнығып жатты.

Біз барған үйдегі кәриялардың әңгімесі кілең қиял-ғажайып сияқты. Арасында ата-баба шежіресін айтысып, дауласып барып тоқтайды. Енді бірде патшаға қарсы көтерілгендерін, тағы бірде абактыға қамалғандарын, одан қалай патша солдатын өлтіріп қашқандарын, өз кезегінде көмпексе кезінде шекара асқандағы атыс-шабыстарын айтады. Орыстармен талай рет тіл табыса алмай жаға жыртысқандарын сөз қылады. Арасында күрсінісіп алады да кейде жамыраса, қарқылдап кеп күледі. Солардың әңгімелерін тындап жатып, ұйықтап кетіппін. Атсоқты болып шаршаған соң ба, қалың ұйқыға кетсем керек. Бір мезетте атам оятты. «Тұр, балам, таң атып келеді» деді. Тұрдым да

аулақтау жерге ойпанға түсіп кетті. Қайта келді де әлгі иірімге беті-қолын, құмғандағы сумен аяғын жуды. Содан соң шекпенін жерге жайып, батысқа қарап тұрып намаз оқыды. Ұзақ оқығандай болды маған. Намаздан соң тауға қарай өрлеп біраз жүрдік. Бір шалғыны тегіс жазықтау жерге келіп кірірді де маған қарап: — Кел, балам, сені атамекеніңнің қасиетті топырағына аунатып алайын, — деді. — Жат, — деді. Жаттым. — Басыңды қыбылаға қаратып жат, — деді. — Қыбыла қай жақта еді? — деймін. — Күн батар жақта, — дейді. Басымды құнбатысқа қаратып шалқамнан жаттым. Атам мені оңға қарай үш рет, солға қарай үш рет аунатып жатып:

— Уа, қасиетіңнен айналайын, Жер-ана! Кімдер қойнына мәңгі жатпаған, кімдердің қаны тамбаған, кімдердің қайғыдан я қуаныштан тамған көз жасына куә болмаған киелі жерсің, бойыңдағы тазалығыңды, қуатыңды баламның бойына да бере гөр! — деп менің басымды көтеріп, тізерлеп отырғызды да: — Қолыңды жай, — деді. Қолымды жайдым. Атам құран сүрелерін оқып барып:

— Иә, Алла! Жаратушы ием, жарылқаушы ием, жасаған ием, барды жоқ қылатын, жоқты бар қылатын әлемнің жалғыз ғана әміршісі, күдіреттім! Отанымды, отбасымды аман қыла гөр! Ұрпағымның басын аман, бауырын бүтін, денін сау қыл, арман, тілегіне жетуіне жәрдем ет! Пәлекордың пәлесінен, жалакордың жаласынан, тосыннан келетін жазымнан, төтенше келген оттан, судан, тілден, көзден сақта! Сенің бар екеніне, сенің шын екеніңе, сенің жаратушы екеніңе, сенің алушы екеніңе мойынұсынып, өзіңе құлшылық қылдым, Аллаһ! Құлшылығымды қабіл ете көр! Рәббәнә әтинә, фу дүния қасаната фил акирати қасаната уахина хазабаннар... — деп дауыстанқырап барып «аллаһу ақпар! деп бетін сипады. Дауысы бүкіл Мыңжылқының баурайын, таудың қойнауын күңіреттіп жібергендей болды. Мен бетімді сипағанда алақанымнан ыстық леп ұрғандай болды. Денем шымырлап кетті.

— Тұр, кеттік, — деді. Мен сонынан ердім. Бойыма әлдеқандай қуат пайда болғандай, аяғым жеңілдеп, еркін адымдап келемін. Осы бір оқиға әлі күнге көкейімнен кетпейді. Тағы бір есімнен шықпаған нәрсе — атамның ауылға қайтып келе жатқанда Ереуілтөбе туралы айтқандары. Ол туралы үнемі зерттеп, жазып келемін. Ал әлі жариялап үлгірмегенім — сол жолы атам айтқан:

*Жора деп жолдас болма құға, балам,
Қу апарып тастайды суға, балам!
Атқа шеккен шаңаңды ішке шексен,
Ит апарып тастайды суға, балам!*

*Арғымақ жалсыз, ер малсыз,
Ағайын жүрмес кермалсыз.
Опасы жоқ дүние,
Өтер де кетер болжалсыз.*

*Адамзат бүрленеді перзентімен,
Пайғамбар гүденеді үмбетімен.
Тіріде сыйласпаған, жаман туыс,
Жылайсың өлеңнен соң не бетіңмен?!,* — деген өлең жолдары.

Менің бала кезімнен есіме ерекше сақталып қалған мағыналы оқиға — ең алғаш атама мінгесіп, алыс ауылға атпен барып қайтқан осы бір сапар еді.

Сағатбек МЕДЕУБЕКҰЛЫ,
*Әл Фараби атындағы ҚазҰУ
журналистика факультетінің деканы*



Фото: Досжан БАЛДЫБЕКҰЛЫ

ырғақты үні менің құлағымнан әрі өтіп, бүкіл кеңістікті шарлап кетіп жатқандай. Әңгімесінің арасында ыңылдап:

*Менің атым — Шалтабай,
Асылдан соққан балтадай.
Шалтабайдай жалғызды,
Кім іздеп арттан қайтады-ай...
— оо қайрааан, Шалтабай!..,* — деп күрсініп қояды. — Шалтабай деген кім? — деймін. — Еес. Ол да бір елі үшін еңіреп өткен ер еді ғой, — деп: *Кербесті шаба алмады майын шайнап,
Ақылды таба алмадым күн-түн ойлап.
Жалымда үш жүз жігіт шерік еді,
Ұстаттың, ит тараншы, қолды байлап.
Пендеде де пенде болдым,
Биылайсыз жеңге қондым.
Жас күнімде көл де болдым,
Көлге мас боп делбе болдым.*

қару-жарактарын иемденіпті. Қарқарадағы көтерілістің арты қырғынға ұшырапты. Жазалаушы отрядтардың зеңбірекпен, окшашармен атқан оғынан қынадай қырылып бара жатқан соң ел босып Қытайға өтеміз деп Текес өзенінде көпшілігі тағы ажал құшыпты. Аққаннан аман қалғандары ары өткеннен кейін қалмақтардың зомбылығына тап болыпты. «Жаңа өкімет жақсылық жасайды» деп қайта бері шұбырыпты. Шекарадан өткеннен кейін қызыл коммунистерден де опа көрмеген. Әлі де көріп келе жатқаны шамалы сияқты. Айтып-айтып келіп күрсінгенде кеудесі қарс айырылып кететіндей болады. Өзегінде бір зор өксік бардай, соны шығара алмай келе жатқандай терең дем алып, менің басымға аузын тақап, еміреніп-еміреніп қояды. Айтқандарының бірі адам сенбес ертегі секілді. Әңгімесінің бірін түсінсем, бірін түсіне бермеймін. Бірақ көтеріліс болғаны, халықтың қырылғаны,

соңынан ердім. Күн көрінбесе де, оның шапағы төменгі жақты ағартып, таудың көленкесі ауыл үстің қаранғылап тұр.

Мыңжылқы ауылының тура жанынан шындары көкті тіреген алып таудың бауырын жарып шығып, төмен қарай құлап, сарқырай, күркірей ағып жатқан асау өзенді жағалап өрге қарай беттеп келеміз. Атамның қолында құмған. Кідіріп өзенге қарап тұрып: «Ооо, қасиетіңнен айналайын, Қарқара!» деп қояды сүйсініп. Мен «мұның қасиеті қай жерінде екен» деп өзенге қараймын. Ағын су арқырай жылжып келе жатып, дәу тастардан аунап барып түбіне құйылғанда, ақ көбігі көпіршіп қайта сырғыйды. Арынды ағыс тасқа тиген сәтте тамшылары аспанға шашырайды. Гүрілдеген бір қалпыпты үн құлаққа жағымды естіледі.

Атам ауылдан алыстанқырағанда өзеннің шетіне иіріліп жатқан таяз тұсына тоқтады да қолындағы құмғанға су толтырып алып



www.jasqazaq.kz

RÝHANIAT

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

шыққан атакты күйші Ықылас та жапан түзде жүруді жақсы көрген. Әрі күйші, әрі акын, әрі анқұмар болған Еренқабырғанын Раздық күйшісі де дәл осындай адам екен. Бұл бақсылардағы тағы бір ортақ ерекшелік: олар сарын мен күйді жын шақыруға, ойлану-толғануға пайдаланумен бірге сарын және күй арқылы әр түрлі ауруларды емдеп отырған. Бұл, бәлкім, психологиялық жолмен немесе музыкамен емдейтін осы замандық тәсілдің арғы атасы болса керек. Ал бақсылардың ауырған адамға қолданатынының кейбірі физиологиялық емдеудің тегі тәрізді.

Бақсылық өнерде әрі күй, әрі би, әрі жыр, әрі актерлік өнер болатындығы, сонымен бірге олардың әрі абыз, әрі есепші, әрі тәуіп, әрі сәуегей, әрі болжампаз-сұңғыла жандар екендігі жоғарыда айтылды. Енді олардың жын шақыру, бұлт шақыру, арбау жырлары мен бәдіктері туралы азыз-кем тоқтап өтелік. 1. Жын шақыру жырлары. Жын шақыру жырлары — бақсы жырларының ішіндегі ең молы, оның үстіне әр бақсы өз сарындары арқылы бұрынғы бақсылардың жыр қорын молайтып, мазмұнын байытып отырған.

молдаларының дұға, зікірлері де қосылатын болған. Сол себепті жауын шақыру жырлары да недәуір мол тараған. Айталық: «Тақ Сүлеймен, Сүлеймен, Ат басындай ақ бұлт, Қой басындай көк бұлт, Қожам, сенен тілеймін. Қоғалы көлдер құрылды, Құба жондар шөлдеді. Колдан қара жауын бер, Қара сабам қаусады, Сары аяғым сусады, Қасымнан қараң-құраң кетті ғой, Мандайымнан ашы шуақ өтті ғой». Немесе: «Темір, Темір, Темір хан, Темірдің ұлы Кауға жан. Тасырқасан тас жаудыр, Қаһарлансаң қар жаудыр, Буырқансаң мұз жаудыр, Мұздай темір құрандыр, Кел, кел бұлт, кел бұлт!» — деп келеді.

Арбау жырлары. Бақсылар жылан шакқан, бүйі шакқан, қарақұрт шакқан, бәленгі шакқан адамдар мен малдың денесіндегі уытты қайтаратын арбау өлендерін немесе жылан тілін буатын сарындарды айтып, адамдар мен малды сондай пәледен құтқарып отырған. Мысалы, жылан уытын қайтаратын арбау өлендері былай айтылады: «*Кер, кер, кер жылан, Кереге басты мержылан. Бір жылан бар сұм жылан, Бір жылан бар сұр жылан. Құралай таудың басынан, Құлап түскен қу жылан. Пайғамбардың демінен Дегелік келді, шық жылан*».

Бүйі шакқанды арбау жыры: «*Бүйі, бүйі, бүйі шық, Заһарыңды жаймай шық. Отыз омыртқадан шық, Қырық қабырғадан шық. Менің атым*

найман-ды, Ту биенің етін, Турап берсең тойман-ды, Енді сені қойман-ды». Ал қарақұрт шакқанды, бәленгі шакқанды арбау өлендері де осы тектес болып келеді, оншалық ұйқас қуып кетпей шумақтар еркінірек түсіп отырады.

Дерт көшіру өлендері мен бәдік өлендер. Адамда болатын «құлапсан» деген ауру мен малда болатын «бәдік» деген ауруды бақсылар өлеңмен көшіріп емдеп келген. Олар құлапсан болған адамды, бәдік болған малды ортаға ала қоршай отырып, қыз-бозбала жиналып өлең айтып «көш, көш» деп, анда-санда айғайлап қояды. Өлендері көркем болмайды, десе де өлеңнің ұйқастық қасиетін сақтаған. Мысалы: «Айтайын айт дегеннен, айда құлап! Жыландай сүйегі жоқ майда құлап!

Құлабы бұл баланың аяғында, Болмаса аяғында қайда құлап? Құлапсан бұл баланың көзінде еді, Көмекей көзінде емес, безінде еді. Бір қиял айтпаймын деп ойлап едім, Бұл бала өлемін, деп безілдеді. Құлапсак көшер болсаң қалаға көш! Каланың іші толған шанаға көш! Таппасаң онан жайлау мен айтайын, Қалада көзі шегір балаға көш! Құлап құрғыр деген соң, құлап құрғыр, Шонқайып жол үстінде ома тұрғыр! Жеріне ома торыған жасыл түсіп, Ок өтіп, тас төбеннен құдай ұрғыр!».

Қазактың тарлан әдебиетшілерінің бірі Сәбит Мұқанов өзінің «Діни айтыстар» деген еңбегінде «бәдік» туралы мынадай түсінік жасаған: «Шаман дініне сенген казактардың ежелгі

ұғымында «бәдік» малға немесе адамға тиген індет аурудың иесі немесе құдайы. Ислам діні тарағаннан кейін бұл ұғымның мағынасы өзгеріп, жын шақыру ойынына немесе «ауруды көшіру» сарынына айналған. Кейінгі кезде бәдіктің бұл мағынасы да жойылып, жастар арасындағы әзіл-қалжын айтысына айналып, «бәдік айтыс» деген жанр дүниеге келген», — дейді. Мысалы: Жігіт: «Жемір бәдік дегенде, жемір бәдік, Қыз қыздардың шекесін кемір бәдік. Семіз қыздың ішіне кіріп кетіп, Бүйрек майын же-дағы семір бәдік». Қыз: «Бәдік кетіп барады мекесіне, Ешкі арығын білдірмес текесіне. Онан көшер жайыңды мен айтайын, Бар да жабыс жігіттің шекесіне». Осыдан қыза-қыза барып, қырт өлендерге де кетіп отырған. Кейде онан жанжал туып жатады. Бірақ казактың «айтыста өрелік жоқ» деген қағидасы бойынша, оның бәрін сабыр арнасына түсіріп, ақырын берекеге келтіріп отырған. Бұдан тыс халқымыздың шаманизм дәуірінде дүниеге келіп, осы уақытка дейін жалғасып келе жатқан ғұрып-әдет, ырым-жырымдары да аз емес. Айталық күнге, айға, отқа табыну нышандары: күнді құрметтеу, «тәңір жарылқасын» деп алқау, «көк соккыр» деп *(ал кезде аспанды «көк тәңір» деп атаған, сонда «тәңір жарылқасын» күн жарылқасын деген сөз)*, ай туғанда «жана ай жарылқасын, ескі ай есіркісін» деп бата жасау; отқа май салу, отпен аластау, отпен емдеу әдеттері, т.б. Ойсыл қара, Зенгі баба, Жел ата сияқты түлік құдайларына құрмет ету көкке қарап тырнақты жалау жолымен ант беру, акты құрметтеп жерге төкпеу, күн күркірегенде «сүт көп, көмір аз» деп кереге басын шөмішпен ұрып шығу, көзден, тілден сактау үшін адамға «есек тас» деп аталатын моншақ тағу, тұмар тағу сияқтылардың бәрі де сол заманда туған дүниелер. Бұлардың бәріне егжей-тегжейлі тоқталу, өрине, бір мақалаға ауыр жүк болатындығы хак. Сондықтан сөзімізді осы арада доғарып, шаманизм дәуіріндегі казак мәдениетіне ден қоялық демекпіз.

Қазақ этнографиясын ғылыми айналымға түсірген, бірнеше том еңбек жазған белгілі жазушы-этнограф, марқұм Зейнолла Сәніктің бақсылық туралы зерттеуі бар. Жазушының осы еңбегін оқырман назарына ұсынып отырмыз.



Зейнолла СӘНІК

Бұл күндегі казактың ұғымында жыраулар мен ақындар ең қалірлі адамдар есептелінеді. Егер тарихқа үңілер болсақ, бақсының қоғамдағы орны мен рөлі бұлардан да жоғары, мәртебесі биік болған тәрізді. Айталық, біз пір тұтып, күйміздің атасы деп жүрген Қорқыттың әкесі — ұлы бақсы *(ел Қара бақсы деп атайды екен)*, үлкен ғұлама бақсы болған екен. VI–VII ғасырда өмір сүрген Оғыз-Қыпшақ елінің Қара бақсы атанған жырауына арналған «Ұлы бақсы» атты жырда мынадай жолдар бар:

«Байырғыдан беріде, Бертіңіден арыда, Ізет барда ініде, Үлкендік барда кәріде, Ынтымағы бар елінде, Ырыс-құты бар белінде Қара бір таудың төрінде. Оғыз-Қыпшақ жерінде, Қоныс еткен қабырғалы ұлыстан, Қара бақсы шығыпты».

Жырда оның бақсылық ерекшеліктері мен кереметтері туралы мынадай шумақтар кездеседі:

«Алдағыны болжап айта алады екен. Санасыздарға салдарлы ой салады екен. Жалаң аяғымен мамық басқандай

шоқ басады екен,

Ағын суды кілт тоқтатады екен...

Көкке ұша алады екен де

Қайтып жерге түсе алады екен.

Бәрін тізіп қайтеміз,

Бір басында қырық керемет

байқалады екен».

Не болмаса:

«Қу таяқтан ән мен күй төгілдіреді-мыс, Безбүйректі ботадай боздатып, бордай үгілдіреді-мыс.

Тауды көтеріп тауға қоса алады-мыс

Өлгенді тіріліпін қатарға қоса алады-мыс.

Ем-дом жасап құмалақ аша алады-мыс,

Жауырыңға да қарайды екен

Көктегі жұлдызды санайды екен.

Он сан кесірге тосқауыл боп

Мың сан кәдеге жарайды екен».

Қара бақсының кереметін оқып отырсаңыз, кей қасиеттері қытай аңыздарындағы «Батыска сапар» деп аталатын ертегісіндегі Сүн Уқұнның кереметінен асып түсетіндей. Ал бақсының сахараға тән өзіндік жындары мынадай:

«Бұқа жыны бурқырап, Қолын жыны шұрқырап, Пері жыны сақылдап, Теке жыны бақылдап, Жорға жыны бүлкілдеп, Бура жыны зіркілдеп, Айғыр жыны азынап»...

Сол Қара бақсыдан туған Қорқыт атаны да ғалым Әлкей Марғұлан өзінің «Ежелгі жыр-аңыздар» атты еңбегінде бақсылардың бабасы ретінде зерттеп, сол заманның жырларынан: «Су аяғы Құркыт, Пәлекетті сен қорқыт, Бақсы пірі емес ең, Бақсы баба, сен қолда», — деген шумақты нақылға келтіреді. Қазак фольклорын ұзақ уақыт зерттеген ғалым Әбубәкір Диваевтың 1924 жылы Ташкентте құрастырып бастырған «Бақсы» атты ұзақ дастанында:

«Әуелі бақсы пірі Қорқыт ата, Тлейімін ғафу ет деп, кетсе қата. Адамнан ер Сүлеймен өткеннен соң, Мойныма көп жемағат салған бата», —

деген жыр жолдары кездеседі. Бұдан басқа бақсы сарындарын ақтарып отырсаңыз да, олардың ең әуелі «Баба бақсы», «Бақсы пірі» Қорқытка сыйынатындығы мәлім. Мұнан кейінгі дәуірдегі, яғни XI–XII ғасырларда өткен әйгілі бақсылардан Керей Мұңлық бақсы, Көкше бақсыларды, сондақ-ақ Наман Есей Бұқа, Кетбұға бақсыларды атауға болады. Бұл туралы жоғарыда айтылды. Ғалым Әлкей Марғұлан былай деп жазады: «Ұлы бақсы, жыраулардың, қобызшылардың көп шыққан ортасы, әсіресе, қыпшақтар арасы *(XIII-XIX ғасырлар)*, олардың ішінде Көкем бақсы *(1299 жылы Византия тарихында жазылған)*, Румға, Мысырға елші болып барған Көсе бақсы, Беренде бақсы, Жарық бақсы. Бұлардың кейбіреуі Мысырға қобызын ала барған,


Мысырдың суретшілері оларды суретке тартып алған. Қыпшақтардың тағы бір әйгілі бақсысы — Барлық бақсы, ол қобыз тартумен бірге эпикалық жырлар жазған, Газан ханға *(Иранға)* елші болып та барған. Бір кезде тұтас Дешті Қыпшақты аузына қаратып, айрандай ұйытқан дауылпаз, қобыз тартуға шебер сары Салтық бақсының, сондай-ақ дарынды жырау аталған Саки Жапар бақсының данқы біздің заманымызға дейін жеткен». Ғалым Әлкей Марғұланның жазуынша, 1441–1501 жылдар аралығында жасаған Орталық Азияның әйгілі ақыны Әлішер Науаи өзінің «Мәжіліс» деп аталатын өлең шумақтарында Жалайыр, Найман, Қоңырат, Керей тайпаларынан шыққан бақсыларға көп тоқталып, оларға жырларын арнаған. «Яхшы бақшы» деп аталған Әлішер Науаидың өз әкесі де үлкен бақсы болған екен. Бүкіл казак баласына данқы жайылып, бақсылардың Қорқыттан кейінгі пірі аталған Бағаналы Қойлыбай бақсыны ерекше атауға тура келеді. Кезінде Шоқан Уәлиханов: «Бағаналы Қойлыбай — барлық бақсылардың пірі, қорғаушысы, Қорқыттан кейінгі ең биік бақсы осы», — деген. «Қойлыбайдың қобызы» атты дастан бар. Оның қобызы

ТАРИХТА ӨТКЕН ӘЙГІЛІ БАҚСЫЛАР

200 атпен бірге бәйгеге түсіп, қара үзіп келген. Қойлыбайдан кейін казак даласында Балақай, Қарамырза, Жамансарт, Шүмен сияқты әйгілі бақсылар болған. Мағжан Жұмабаев дайындаған «Қойлыбайдың қобызы» атты жырда былай делінеді:

«Ертеде ел бар екен қалың найман, Қытайға қалың найман қанат жсайған. Қалың найман ішінде Бағаналы Қазақта бақсы асқан жоқ! Қойлыбайдан. Айнала ығай-сығай жақсы-жайсаң, Қойлыбай қобызымен ортасында. Бас болып батыр Барақ қалаған соң, Бәйгеге бақсы қобыз қоспасын ба?».

Бақсының айтуы бойынша бәйгеге жіберілетін мәреге барған соң бір жуан сексеуілге қобызды мықтап байлап тастайды.



Бәйге жіберілген сәтте Қойлыбай жындарын шақырып, айналаны дүр сілкіндіреді. Қызыл жел құйындатып, қалың құм қара бұлтқа қосылады. Бақсылықтың күдіреті қобызға жойқын қуат бітіріп, ақыры жуан сексеуілді түбімен қопарып, сол беті бәйгенің алдына түсіп, көмбеге ең әуелі сексеуіл сүйреткен қобыз келіп жетеді. Қойлыбайдың бақсылық күдіреті жөнінде бұдан басқа да жыр-аныздар тараған. Қойлыбайдан кейін казак сахарасынан шыққан әйгілі бақсылардан Тіней бақсы, Ізтілеу бақсы, Жансая балгер, Қирабай молда, сол сияқты Аспандияр бақсы, Дарқан бақсы, Ібу бақсы, Желаяк диуана Дәмелі кемпір, Ажыбай бақсы, т.б. болған екен. Бақсылардың өмірімен танысқанымызда, оларда бір ортақ ерекшеліктің бар екендігі байқалады. Олардың көбі мен таудың үңгірлерінде, жым-жырт далада, ну орманда немесе өзен-көлдердің бойында өмір сүруді қалаған. Түн тыныштығы мен табиғаттың тамылжыған құшағында жалғыз өзі қобызын тартып, сарынын ынылдап өткізуді абзал көрген. Бәлкім, бұл жағдай олардың кеңірек ойланып, толғануына табиғаттан тәлім алып, келелі болжамдар жасауына мүмкіндік туғызатын болса керек. Әлішер Науаиы өзінің ғұлама ақындар туралы жазған «Жаксылардың мәжілісі» деген еңбегінде: «Бақсы жыраулар кей уақытта адамнан безіп, даланы, тау-тасты аралап жүретін еді», — деп жазыпты. Қорқыт, Асан қайғылардың да ел аралап, дала кезіп жүретіні айтылады. Аңыздарға қарағанда, Шыңғыс дәуірінде өткен керей Көкше әулиенің тұрағы Боғданың Ғар үңгірі болғаны мәлім. Орта ғасыр дәуірінде өткен Жапар бақсы, Саялы бақсы туралы Әлкей Марғұлан: «Адамға жуымай сай кезіп жүреді, табиғат сырын ой-санасымен ашпақшы болды, кейде тау-тасты кезіп сарнау айтып жүреді», — деп жазаған. Қойлыбай қобызын әрқашан Жыланшық өзенінің жағасында отырып тартатын болғандықтан, ол өзеннің бір саласы «Қойлыбай өзені» деп аталған. Тіпті кейінірек

II-mail: jasqazaq2019@mail.ru



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

AINA

www.jasqazaq.kz



АЙЫН
Елдің қоғамдық қауіпсіздігі мен ішкі тәртібін қорғау – мемлекет алдындағы маңызды міндеттің бірі. Бүгінде ел тыныштығы мен қауіпсіздігін жіті қадағалап, қоғамдық тәртіпті қадағалау жолында Ұлттық ұлан әскерлері аянбай қызмет етіп келеді. Ұлттық ұланның міндеті, жоспары мен мақсаты жайында Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының қолбасшысы генерал-майор Талапкер Әміреев өңімелеп берді.



Ұлттық ұлан бірнеше маңызды міндеттерді атқарады. Соның бірі – маңызды мемлекеттік нысандарды күзету. Алматының өзінде сондай үш нысан бар. Медеу ауданына қарасты Алатау кентінде орналасқан Ядролық физика институты, Банкнот фабрикасы және Ұлттық банкке қарасты Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығы. Міне, осындай мемлекеттік маңызды нысандардың қауіпсіздігін Ұлттық ұлан жауынгерлері қамтамасыз етеді. «Оңтүстік» өңірлікке қарасты Алматы, Талдықорған, Тараз, Шымкент, Қызылорда қалаларындағы ауданаралық соттарда айдау қызметін, сотталған адамдарды қарауылмен бір орыннан екінші орынға жеткізу – біздің міндетіміз», – дейді Талапкер Әміреев. Сонымен қатар Ұлттық ұлан арнайы және әскери жүктерді тасымалдау ісіне жауапты. Оған қоса, қоғамдық тәртіпті қорғауда ішкі істер органдарына көмек көрсету, елді мекендердегі қоғамдық тәртіпті жаппай және топтасып бұзушылықты тыю, қоғамдық қауіпсіздік пен төтенше жағдайдың құқықтық режимін қамтамасыз ету, төтенше жағдайлардың (табиғи және ірі апаттар) зардабын жоюға қатысу сияқты міндеттерді атқарады.

Мерзімдік қызметке әскери бөлімдерді жинақтауға қажетті мөлшердегі он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі, шақырылу мерзімін кейінге қалдыруға құқығы бар немесе әскерден босатылғандардан басқа, бозбалалар шақырылады. Мерзімдік қызмет уақыты – он екі ай. Талапкер Әміреев: «Ұлттық ұланға шақырылатын ер балалардың өзі де, жақын туыстары да бұрын сотталмаған болуы керек. Толық орта білімі болмаса да, әскерге алынбайды. Ұлттық ұланның қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті



ЕЛ ТЫНЫШТЫҒЫ КҮЗЕТІНДЕ

қамтамасыз ететін әскери бөлімдеріне алынатын бозбаланың денсаулығы 1-2 топқа жатуы тиіс және бойы 1 метр 70



сантиметрден кем болмауы керек. Әскерге келген жас сарбаздар алдымен бір айлық оқу курсынан өтеді. Әскери ант беру рәсімінен кейін қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, мемлекеттік маңызды нысандарды және түзеу мекемелерін күзету сияқты жауынгерлік міндеттерді атқаруға кіріседі», – дейді. Былтыр көктем шыға әлемді әбігерге салған COVID-19 пандемиясы еліміздің аумағына да жетіп, Мемлекет басшысы төтенше жағдай жариялағаны мәлім. Карантин енгізіліп, халық жаппай үйде отырды. Тек санаулы кәсіп иелері ғана ел қауіпсіздігі үшін күндіз-түні қызмет етіп жатты. Соның ішінде Ұлттық ұлан

жауынгерлері де жүрді. Жауынгерлер індет ошақтарын күзетке алды. Төтенше жағдай кезінде қала мен облыс арасындағы блок-бекеттерді айналып өтпекші болған, карантин тәртібін бұзған адамдарды ұстады. Қалада карантин тәртібін сақтауды қадағалады. Сонымен бірге республикалық «Біз біргеміз!» акциясына белсенді қатысып, әлеуметтік аз қамтылған, көпбалалы біраз отбасыларына көмек көрсетті. Ұлттық ұлан жауынгерлерінің басты мақсаты – ел тыныштығы. Олар қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолында аянбай қызмет етеді.



Макпал НОҒАЙБАЕВА
Суреттерді ұсынған
ҚР Ұлттық ұланы «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының баспасөз қызметі




Артеминин
Алматыдағы өнер колледжін бітірген. Бала кезден кәсіби суретші

Қылқалам күдіреті

болуды армандаған. Өткен аптада Артем галереясы мен жеке көрмесінің тұсауы кесілді. Онда суретшінің 120 туындысы қойылған. Суреттері бір-біріне ұқсамайды, әр түрлі жанрда салынған.

Өзінің шығармашылығы Артем Минин былай дейді: «Университет бітіргеннен кейін, өз мамандығыммен жұмыс істедім. Алайда Кеңес одағы ыдыраған соң,



басқа салада жұмыс істеуге тура келді. Он жылдық үзілістен кейін, бес жылдай тоқтаусыз бейнелеу өнеріне бас қойдым. Ұзақ уақыт сурет салмаған соң, неден бастарымды, қалай саларымды білмедім. Менің түсінгіміз, көрмені кез келген адам аша алады. Бірақ суретші болу әркімнің қолынан келмейді. Әр суретші бұл салаға түрлі жолмен келеді. Ұзақ уақыт сурет салмаған соң, кейбір техникаларды еске түсіруге тура келді. Араға біраз уақыт салып, ақыры өз стилімді таптым. Қылқалам күдіреті деген осы екен» – деп ағынан жарылды.

Тогжан ӘБДЕШ,
Бақытжан АМАНБОЛҚЫЗЫ, студенттер

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ
Редакция алқасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық
Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші
Қуаныш РАХМЕТ — жастар және ғылым
Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімі
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен ҚӨБЕЕВ —
Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Мәриям АЙТБАЙ — Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:
«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(Бөгембай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2254;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Ait-Astana» әуежайының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 күзлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

МҮКІС МҮЙІС

Ал түсініп көр!

Өкіргені несі?

РРР-Р-РЕВЁЁМ
ДО УТРААА
Таңға дейін ө-ө-өкіреміз

Аяқтың да ащысы бола ма?

АЩЫ АЯҚТАР
ОСТРЫЕ НОЖКИ

МOTOR
МАЙЛАРЫ
МАЙ
АУЫСТЫРУ
• в двигателе
• в АКПП
• в ГУРЕ
КӨЛК МАЙЛАРЫ ЖӘНЕ
АРНАЙЫ СҮЙІҚТЫҒА

БАСПАСӨЗ – 2021		
Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
1 айға	279,24	297,86
3 айға	837,72	893,58
6 айға	1675,44	1787,16
12 айға	3350,88	3574,32

Жазылу мерзімі	Эврика пресс	Евразия пресс
1 айға	269	288
3 айға	807	864
6 айға	1614	1728
12 айға	3228	3456

Жазылу еліміздің кез келген «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жүргізіледі

Жазылу индексі 65032

Жас qazaq газетінің ұжымы Мәжіліс депутаты, белгілі саясаттанушы Айдос Сарымға әкесі Әмірролла Сарымовтың қайтыс болуына байланысты қайғырып, көңіл айтамыз.

Жас qazaq газетінің ұжымы